

Береке, байлық — бірлікте!

ҰЛЫТАУ ӨМІРІ

№41 (6064) Сенбі, 8 қазан, 2016 жыл

Тазет 1940 жылғы 1 қарашадан бастап шығады

ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН



Материалды 6-беттен
оқи аласыздар

ӘЛЕМ МҮМКІНДІГІ БӘРІМІЗГЕ ОРТАҚ

«Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстан жолы -2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауында мүмкіндігі шектеулі жандарды тұрақты жұмыс орындарына орналастыру, кедергісіз жағдайлар жасау, мүгедектердің құқығын барынша тиімді жүзеге асыру көзделген.



дектер күні тұрақты түрде аталып өтіп келеді. Әкімдіктің қолдауымен мүмкіндігі шектеулі жандар арасында өртүрлі іс-шаралар өткізіліп келеді. Осындай іс-шараға қолдау

көрсетіп, олардың қадірін, құқықтары мен игілігін қорғауға әрдайым назарын аударып келе жатқан Ұлытау ауданының әкімі Х.Омаров құттықтау сөзімен іс-шараны

Өткеніміз — бүгінгі тәуелсіз еліміздің іргетасы. Бұл күндері сүйікті еліміз, сүйікті Қазақстанымыздың экономикасының өркендеуі, әл-ауқатымыздың артуы жөнінен көптеген елдердің алдында абыройын асқақтатып отырғаны осы тәуелсіздігіміздің арқасы.

Ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде аудан көлеміндегі мүгедек жандардың мүддесін қорғау, оларға қамқорлық жасау бағыттарда жүйелі жұмыстар тұрақты жүргізілуде.

2016 жылы 4 қазанда Ұлытау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен «Ақсауыт мүгедектер қоғамы» ҚБ-нің ұйымдастыруымен Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жыл толуына және мүгедектер күніне орай мүмкіндігі шектеулі жандар арасында «Әлем мүмкіндігі бәрімізге ортақ» атты аудандық мәдени спорттық іс-шара өтті. Іс-шара мақсаты — бұқаралық спортты дамыту, мүмкіндігі шектеулі жандардың психологиялық, әлеуметтік денсаулықтарын оңалту, салауатты өмір салтын жетілдіру, спортты дене тәрбиесінің маңызды факторы ретінде дейбі, тоғызқұмалақ, шахмат ойындарын мүмкіндігі шектеулі жандардың арасында кеңінен насихаттау, спорттық жарысқа қатысушылардың шеберлігін шыңдау.

Ұлытау ауданында мүге-

лосының тұрғыны Н.Бекілдеков иеленсе, бірінші орынды Егінді селосының тұрғыны Ж.Қожабергенова, екінші орынды Жезді кентінің тұрғыны Д.Сыздықов, үшінші орынды Жезді кентінен К.Сыздықова және ынталандыру сыйлығына Жезді кентінен М.Шортанбаева мен Егінді селосынан К.Ахметалиналар иеленді. Ән айтудан Бас жүлдені Жезді кентінен А.Смағұлов және Сарысу селосынан келген мүмкіндігі шектеулі К.Күмісбек жеңіп алды. Барлық сайысқа қатысқан мүмкіндігі шектеулі жандар Дипломдар арнайы сыйлықтармен марапатталды. Одан кейін «Жаймашуақ» ойын-сауық мейрамханасынан қайырымдылық ас берілді. Осы іс-шараға атсалысқан аудандық Мәдениет үйі және спорт бөлімінің қызметкерлеріне алғысымызды айтамыз.

Мүмкіндігі шектеулі жандарға әрқашанда қамқорлықтарыңыз арта берсін. Аспанымыз ашық, бейбітшілік өмір, тыныштық заман болып, егеменді елдігіміздің тәуелсіздігі арта берсін демекпіз.

С.ӘКІМБАЕВА,
Ұлытау ауданының
жұмыспен қамту және
әлеуметтік бағдарламалар
бөлімінің үйлерге
әлеуметтік көмек
көрсету бөлімшесінің
меңгерушісі.



Аталған отырыстарға аудандық мәслихаттың хатшысы, депутаттар, аудан әкімінің орынбасарлары, «Нұр Отан» партиясының Ұлытау аудандық филиалы төрағасының орынбасары,

Аудандық мәслихатта

Аудан өміріндегі өзекті мәселелерді шешуге, тыныс-тіршілігін реттеуге аудандық мәслихат депутаттары белсене араласып жүр. Үстіміздегі жылы VI шақырылған Ұлытау аудандық мәслихатының ауыл-шаруашылығы, өнеркәсіп, экология, құрылыс, байланыс, көлік және коммуналдық шаруашылық жөніндегі тұрақты комиссиясы, аталған салаларға қатысты жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Осы уақытқа дейін комиссияның үш отырысы өткізілді.

меншіктегі мүліктері туралы мәселелер қаралды. Алғашқы мәселе бойынша «Жезқазған-Сексеуіл» теміржол желілері құрылысы жөніндегі басқарма басшысы Мырзаханов Марат Ожанұлының және «Арқалық-Шұбаркөл» теміржол желілері құрылысы жөніндегі басқарма басшысы Тоқтаров Жомарт Батталғалиұлының хабарламалары

Төлеутай Келкенұлы хабарлама жасады. Сонымен қатар, облыстық дәрежедегі жолдардың жағдайы туралы «Ұлытау-Бозтұмсық-Малшыбай-Сәтбаев» бағытындағы жолдарға жауапты «Сейтказинов» ЖК-нің директоры Сейтказинов Әлібек Берікболұлы сөз сөйледі. Аудандық дәрежедегі жолдар жайлы Ұлытау ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және тұрғын үй ин-

дірілді.

Соңғы мәселе «Ұлытау ауданының коммуналдық меншіктегі мүліктері туралы» Ұлытау ауданының экономика және қаржы бөлімінің басшысы Т.Шайхин хабарлама жасады. Осы отырыста аудандағы кейбір мүліктер аудандық коммуналдық меншікке алынбағандығын білдік. Осыған байланысты, алдағы өтетін аудандық мәслихаттың кезекті сессиясының алдында қайта

ҚАРТТАР БІЗДІҢ АСЫЛ ҚАЗЫНАМЫЗ

Жасұлан АЯШЕВ



Зымыраған сағат тілінің шексіз тықылдап соғуына мән бермеген біздер уақыттың қалай жылдам өтіп кеткенін сезбей қалыппыз. Қазіргі кезде біздің мемлекетімізде қарттарға құрмет көрсетіліп, жан-жақты үкімет тарапынан қамқорлық жасалуда. Еліміздің өсіп-өркендеуіне, бейбітшілік пен тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыздың арқасы деп есептейміз. Міне, енді қарттар саналы ғұмырларын Отан деп, тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын аға-ұрпақтың мерекесі. Олардың өмір жолдары бүгінгі ұрпаққа таптырмас асыл қазынамыз екені анық.

Жуырда аудандағы «Жаймашуақ» мейрамханасында 1 қазан қарттар күніне орай ауылымыздың ақсақалдарымен ақжаулықты аналарымызға арнап дастархан жайылып дәм берілді. Бұл мерекеге аудан әкімі Х.Омаров, аудан әкімінің орынбасары Е.Өткелбаев, аудандық Ақсақалдар кеңесі төрағасы Ә.Жандарбеков, мәслихат хатшысы Т.Сейтжановтар қатысты. Алғашқылардың бірі болып аудан әкімі Х. Омаров құттықтау сөзді бастап, одан әрі сөз кезегінаудандық мәслихат хатшысы Т.Сейтжанов, аудандық «Нұр Отан» партиясының филиалының бірінші орынбасары Ж.Бабатаевтар жалғастырып, ақсақалдардарға Алғыс хатпен естелік сыйлықтарды табыс етті. Аудандық Мәдениет үйінің қызметкерлері бұл кешті көңілді өткізіп, әсем әндерін тарту етті.

Түстен кейін ақсақалдар клубында шахмат және дойбы ойындарынан спорттық жарыс өткізілді. Аудандық спорт бөлімінің басшысы М.Оразалин ойынның шартымен таныстырып, түсіндірді. Жалпы шахмат ойынына М.Машайқов, Х.Бимағанбетов, Ж.Жаңабайев, Н.Белгібаевтар қатысса, ал дойбы ойынына Қ.Ершұманов, Ш.Смайлов, Қ.Аманжолов, Қ.Бекілдековтер қатысты.

Бұл жарыста I-II орын алған ойыншылар Алғыс хатпен ұялы телефон иеленді. Жалпы ойынға қатысқан қатысушылардың барлығына бағалы сыйлықтар табыс етілді. Жарысты ұйымдастырушылардың айтуы бойынша алдағы уақытта осындай ойындар жылда өткізіліп тұрады деп жоспарлануда.

аудандық Қоғамдық кеңесінің төрағасы, мекеме басшылары мен қызметкерлері, кент, селолық округтерінің әкімдері, «Ұлытау өңірі» газетінің тілшілері тұрақты қатысып отырды. Бекітілген перспективалық жоспарға сәйкес таяуда өткен отырыста, республикалық, облыстық бюджеттен және өзге де көздерден қаржыландырылатын 10 мекеме басшыларының хабарламалары тыңдалып, 5 мәселе қаралды. Атап айтқанда: Ұлытау ауданының аумағы арқылы жаңадан тартылған «Жезқазған-Бейнеу», «Арқалық-Шұбаркөл» бағытындағы теміржол бойына салынатын жоспарлы жобалар туралы; «Қарағанды облысы кәсіпкерлер палатасы» Ұлытау ауданы филиалының атқарған және алдағы жылдарға жоспарланған жұмыстары туралы; Ұлытау ауданының аумағындағы республикалық, облыстық, аудандық дәрежедегі жолдардың қазіргі жағдайы жайлы; «Ұлытау ауданының аумағы бойынша аңшылар мен балықшылар бірлестігінің» атқарған және алдағы жылдарға жоспарланған жұмыстары туралы және Ұлытау ауданының коммуналдық

тыңдалды. Отырыс барысында жоғарыда аталған азаматтарға теміржол құрылысы кезінде ауылға қатынайтын автокөлік жолдарының жарамсыз болуына байланысты, аталған жолдарды қалпына келтіру сұралып, сол жерлердегі шаруа қожалықтарының жерлері жөнінде, сондай-ақ теміржол бойына халықты тұрақтандыру, халыққа қажетті әлеуметтік нысандарды салу, теміржол мамандығы бойынша жергілікті халықты оқыту, жұмысқа тарту мәселелері айтылды.

Екінші мәселе бойынша Қарағанды облысы кәсіпкерлер палатасының Ұлытау ауданы филиалының директоры С.Оспанов өзі басқарып отырған палатаның жұмыстарымен таныстырды. Ал, үшінші мәселе бойынша республикалық дәрежедегі жолдар туралы «Қазақавтожол» ұлттық компаниясы АҚ-ның Қарағанды облысы филиалы директорының орынбасары Сұлтанбеков Асқар Мырзатайұлы, «Қазақавтожол» республикалық мемлекеттік кәсіпорыны Қарағанды облыстық филиалы №44 жол пайдалану бөлімінің басшысы Казенов

спекциясы бөлімінің сектор меңгерушісі Қ.Оспанова баяндама жасады. Осы отырыста Ұлытау селосындағы ДЭУ-84 мекемесін қайта ашу туралы ұсыныс айтылды. Сондай-ақ, республикалық, облыстық дәрежедегі жолдарды күтіп-ұстау жұмыстары, қыс мезгілінде қарды мерзімінде аршу туралы сөз қозғалды. Ауылдық округ әкімдеріне аудандағы дәрежедегі жолдарды иелікке алу жұмыстарын қамтамасыз ету туралы ұсыныстар айтылды. Төртінші мәселе бойынша Жезқазған аймақтық аңшылар мен балықшылар бірлестігінің төрағасы Құрманбаев Ермек Зейнуллаұлы Жезқазған аймақтық аңшылар мен балықшылар бірлестігінің жұмыстарымен аудандық мәслихат депутаттарын таныстырды. Аталған бірлестік аудан аймағынан аң, құс, балық аулауға рұқсат беру үшін жарна алатыны, ал салығы Жезқазған қаласының Кірістер басқармасына төленетіні анықталды. Осы салықты Ұлытауға төлену керектігі жөнінде мәселе қозғалды. Сөз арасында Ұлытаудан аталған бірлестіктің филиалын ашу, оған штат беру туралы ұсыныс та біл-

қарайтынымызды ескертіп, коммуналдық меншікке алу кестесін қазан айының 15-не дейін ұсыну сұралды.

Жоғарыда аталған отырыстардың қорытындысы бойынша тұрақты комиссия тиісті қаулы қабылдады, қаулыда аталған органдарға ұсыныстар берілді. Тұрақты комиссия ауданның әлеуметтік-экономикалық тұрақты дамуын қамтамасыз ету бойынша атқарушы органға жәрдем жасауды – өз жұмысының басты мақсаты етіп қояды. Мен өз атымнан комиссия отырыстарында да белсенділік танытқандары үшін аудандық мәслихаттың депутаттарына, аудандық Қоғамдық кеңесінің төрағасына, «Нұр Отан» партиясы Ұлытау аудандық филиалы төрағасының орынбасарына ризашылығымды білдіремін. Тұрақты комиссия алдағы уақытта аудандағы өзекті мәселелерді қарайтын, оларды шешу жолдарын қарастыратынына сендіргім келеді.

М.МӨТКЕНОВ,
аудандық мәслихаттың депутаты,
Қарсақбай мыс қорыту зауытының директоры.

АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ НӘТИЖЕСІ



соғысы тарихындағы маңызды беттердің бірі Бұланты шайқасы болған жер) себебі бұл аймақ туристік әлеует жағынан қазақстандық туристік компаниялар жүзеге асырып отырған туристік бағытта әлі қамтыла қоймаған, толық зерттел-

меген бағытта жатады.

Экспедиция мына бағыттарда жүрді. Астана-Жезқазған, Байқоңыр-Қоскөл-Сексеуіл (темір жолды бойлай салынған жаңа тас жолмен)–Арал–Қаратерек кесенесі–Барсакемлес қорығы–Қасқақұлан–Янкигент қалашығы–Қазалы–Байқоңыр космодромы–Қорқыт Ата–Жосалы–Қалмаққырған өзенінің аңғары арқылы керуен жолдарымен жүрді.

Экспедиция маршруты 10 күнге созылды. Жергілікті жердің географиялық ерекшеліктері ескерілді, тарихи ескерткіштер туралы материалдар жинақталды. Сараптама жасау үшін Арал теңізінің оңтүстік және солтүстік бөліктерінен су алынды. Одан кейін қорық-мұражай қызметкерлері археологиялық институттың

Астана қаласындағы филиалымен бірге Жезді өзені бойында археологиялық барлау жүргізді. Барлаудың мақсаты – көне кен өндіру және шахта орындарынан қалған қалдықтарды анықтау болды. Сонымен қатар, Талдысай қонысында ағымдағы далалық маусым кезеңінде археологиялық барлау одан әрі жалғасты. Барлау бұдан бұрын 2015 жылдың жазында жұмыс жүргізілген болатын. Қазылған орын негізгі қазындыдан солтүстікке және батысқа қарай жүргізілді. Батыс бөлімшесінде екі хронологиялық жоғарғы және төменгі қабат болғаны тіркелді. Төменгі қабатпен металлургиялық кешен жүйесіндегі жер үстіндегі және шахтадағы шұңқыр пеш, құдық, жер үстіндегі сондай-ақ жартылай жерге таяу жүйедегі әртүрлі көлемдегі шұңқырлар мен қуыс, түтін шығатын жыра байланысқан. Зат салатын тас жәшік табылды, оның кенді флотациялауға арналған жәшік болуы да мүмкін. Сонымен бірге тұрақ-шеберхананың қазан шұңқы-

ры да зерттелді.

Үлкен Жезді өзені бойындағы археологиялық қазба жұмысы жүргізілгенде «Ұлытау» қорық-мұражайы атынан қатысты. Сол жолы жағаны бойлай 30 шаршы метр аумақта қазу жұмыстары жалғасты. Қазынды кезінде тас артефактілер мен сүйектер табылды. Бұдан кейін қорық-мұражай қызметкерлері шілде, тамыз айларында Жаңаарқа және Ұлытау аудандарында, Сарысу өзенінің төменгі бойында орналасқан тарихи және мәдени ескерткіштерге археологиялық зерттеулер жүргізді. Сарысу өзенінің төменгі жағындағы (XX ғасырдың 30-жылдарына дейінгі) барлық тарихи ескерткіштердің ерекшеліктері анықталды және аталған аудан арқылы өткен саяхатшылардың жазбаларында, ғылыми еңбектерде жазылған, орналасқан жерлері нақтыланды, бірнеше жаңа ескерткіштер табылды.

Алдағы уақытта өңірдің тарихи-мәдени ескерткіштерін зерттеу мақсатында осындай ғылыми зерттеулер жалғасын таба бермек.

М.ӘБДІКӘРІМОВ,
«Ұлытау» қорық-мұражайындағы археология бөлімінің басшысы.

Естелік



27 қараша 1996 жыл. Таңертең «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Ахат Жақсыбаев телефон соқты. Денсаулығымды сұрады.

—Ауырып, жатырмын ғой, әйтеуір, қарағым,—дедім.

—Аға, Мұқан Иманжанов 80 жасқа толады екен. Сол кісі туралы кім мақала жазып береді? — деді содан соң ол.

— Мұқан ағамыздың достары көп болатын. Солардың сырқау емес бірі жазып берер,—деп бірнешеуінің аттарын атадым. Түстен кейін Ахаң қайтадан телефон соқты.

— Сіз атаған адамдардың ешқайсысының реті келмеді. Не істейміз, аға? — деді.

— Онда мен жазып көрейін ауырып жатсам да. Ахат қуанып кетті. Мен төсектен тұрып, жазу үстелімнің басына келдім. Ойланып-толғана бастадым. Менің бір әдетім бар: мақала деп жазғаным очерк, очерк деп бастағаным әңгімеге айналып кетеді. Ал, әңгімем повесть, повесть деп кіріскенім роман болып шығады. Бұл жақсы әдет пе, жаман ба — өзім де білмеймін. Осы жолы да солай болды. Мақалаға кірісер алдында Мұқан марқұммен аралас болған үш-төрт жылда жазған қойын дәптерлерімді іздестірдім. Ол кісі туралы не жаздым екен, білейін дедім. Ішінде Мұқан аты аталатын 4-5 дәптерім қолыма ілінді. Алғашқысынан бастап оқуға кірістім. Иманжановпен кездескен кездер айы, күнімен жазылыпты. Қашан, не жайында сөйлескенімізге дейін бар. Сайрап тұр. Бәрі керекті детальдар. Бірін де қалдырғым келмеді. Соларды шетінен көшіруге кірістім. Ең алдымен төмендегідей қысқаша кіріспе жаздым. Егер Мұқан Иманжанов осы күнге дейін жер басып жүрсе, онда биылғы желтоқсанның 20-сында 80 жасқа толар еді. Бірақ оның дәмі ерте таусылды. Қырықтың қақ жартысынан асар-аспаста өмірден өтті. Азаматтық кемелге келіп, шығармашылық күш-қуаты қайнап тұрған шағында қайтыс болды. Жүзеге асырсам деген асыл арманының оннан бірін де орындай алмай кетті. Өкінішті-ақ! Ол аз өмір сүрді. Бірақ артына өшпес мұра қалдырды. Ол қанша кітап жазды? Екі қолдың саусағының санымен шамалас. Бірақ олары мәңгі өлмейтін мүлік боп қалды. Өйткені М.Иманжанов жастық туралы жазды. Мәңгілік махаббатты жырлады. Асыл достықтың әнін шырқады. 1948 жылы оның алғашқы кітабы — «Жастық» атты әңгімелер жинағы жарық көрді. Мен ол кезде Отан соғы-

сынан келіп, Университетте оқып жүрген студент едім. «Жастық» жинағын іздеген студенттер кітап магазинінің табалдырығын тоздырды. Жігіттер құнығып, қыздар құмартып оқыды. Құмарлықтың арты ғашықтыққа айналды. Ғашық

отына алдымен шарпылғандардың бірі бізден бір курс жоғары оқып жүрген жақсы қыз Рәзия болды. Көділгі Рәзия, артынан атақты жазушының жарына айналған, ол кезде университеттің оқу үздігі. Сталиндік стипендиатқа, сылаңдаған сұлу Рәзия! Атақты жас жазушы мен үздік студент қыздың бір-біріне қалай ғашық болғанын сол кезде бізбен бірге оқыған майдангер-студент, қазіргі белгілі қазақ

достықты ардақтатып, мөлдір махаббатты мадақтап өткен қаламгердің де есімі өлмейді, атағы жойылмайды. Қазақ әдебиетінің тарихында ондай үш адам бар. Жалпы ақындар мен жазушылардың, әншілер мен композиторлардың, суретшілер мен архитекторлардың, бір сөзбен айтқанда, өнер мен мәдениет қайраткерлерінің еңбегі ешқашан өлмейді. Аттары мәңгі аталып жүреді. Мен солардың ішінде жастық тақырыбына ғана жазғандарды жеке-леп жеке атап отырмын. Олар үшеу дедім. Біріншісі, «Менің құрдастарым» романымен қазақ жастарының жүрегіне қобыз ойнатқан Саттар Ерубәев еді. Екіншісі Ұлы Отан соғысы кезінде от ішінде жүріп, «Комсомольская правда» газетінің беттерінен өлмес достықты, өшпес махаббатты, бүкіл совет жастарының жанын тебіренете жырлаған Баубек Бұлқышев

Әлімбаев: «М.Иманжановтың төңірегінде жас әдебиетшілерден жиналған 60 шақты досы бар еді» дейді. Екінші бір жолдасы ол санды 100-ге жеткізеді. Мұның бірін аз, бірін көп деуге де болмайды. Екеуі де рас. Ал, бір ғажабы, Мұқан көңіл бөліп, көмек көрсеткен адамдардың бәрі артынан Қазақстанның қабырғалы қаламгерлеріне айналды. Бір сөзбен айтқанда, Мұқан Иманжанов қазақ жазушыларының бүтіндей бір ұрпағын бір өзі тәрбиелеген ұлағатты ұстаз болды. Достарының ішінде ең алдымен сонау Ұлытаудан қол ұстасып, арман қуып Алматыға келген бала досы Баубектің орны ерекше. Бірін-бірі жан-тәнімен жақсы көрген екі дос Алматыға қыркүйек айы туып, барлық жерде оқу жылы басталып қойған кезде жетті. Барлық орта мектептер мен техникумдардың есігін қақты. Ешбір жерде

дыр оған жазбады. 1940 жылы Баубек әскерге алынып, денсаулығы нашар Мұқан қабылданбай қалды. Екеуі зыр жүгіріп, военкоматтарға бірге барды. Облыстық, Орталық комсомол комитеттеріне де қатар кірді. Бірақ олардың ешқайсысы екі достың ажырамай, әскерде де бірге қызмет етуіне көмек көрсете алмады. Заңнан аттауға ешкімнің әлі келмеді. Сөйтіп, Мұқан Алматыда қалды, Баубек әскери алыс сапарға аттанды.

Баубек Бұлқышев Москва іргесіне жайғасқан Қызыл Армияның бас құрамасы №1 Пролетарлық атқыштар дивизиясының саперлар ротасында қызмет істеп жатты. Мұқан екеуі бір-біріне жиі-жиі хат жазып, жауап алысып тұрды. Олардың екеуара сәлемдері ғашық қыз бен жігіт хаттарынан бір де кем емес еді. Соғыс басталып, Баубектің жалынды публицистика, эсселері «Комсомольская правда» газетінде үсті-үстіне шыға бастаған кезде Мұқанның жүрегін досы үшін қорқыныш пен қуаныш кезек кернеді. «Айналайын-ай, аман болсаң екен» деп тіледі. «Сенің орнына құдай мені алсын» деп те жазды. Ол кезде өзі қызмет істейтін «Социалистік Қазақстан» газетіне Баубектің 2-3 мақаласын арнайы сұрап алып, бастырды да. Сөйтіп жүргенде, 1944 жыл Мұқанның жан досы, бүкіл Совет Одағына мәшһүр болған жалынды жазушы, аға лейтенант Баубек Бұлқышев оққа ұшты. Бұл қаралы хабарды естігенде Мұқан жас баладай еңіреп жылады. Мінекей, М.Иманжанов досты, достықты осылай қадірлеген еді. Ол досқа деген осы ыстық махаббатын өмір бойы сөндірмей, суытпай өтті. Досты қадірлеу оған қалтқысыз қызмет ету, көмек көрсету баға жетпес байлық деп бағалады.

«Досыңның кім екенін айт, бағанды сол білдіреді» деген нақыл сөз бар ғой. Мұқан «Менің досым» деп жалғыз Баубекті атаса да жетіп жатар еді. Ол екеуінің арасындағыдай ғажайып достық адам баласында болды ма, болмады ма?! Болса болған да шығар. Бірақ өзім кітаптан оқыған, елден естіген, жүрекпен сезген тамаша достық осы ғана! Ал Мұқанның мен білетін бергі достары мына азаматтар болды: Хамит Ерғалиев, Қайнекей Жармағанбетов, Төкен Әбдірахманов, Әбен Сатыбалдиев, Мұзафар Әлімбаев, Сәуірбек Бақбергенов, Төкен Әлімқұлов, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Зейнолла Қабдолов, Бердібек Соқпақбаев, Айқын Нұрқатов, Нығмет Ғабдуллин, Сансызбай Сарғасқаров, Өтебай Қанахин, Тұманбай Молдағалиев, Сәкен Жүнісов, Еркеш Ебікенов, Қадыр Мырзалиев, Шәміл Мұхамеджанов, Әнуар Дүйсенбиев, Сағи Жиенбаев, Қабдікәрім Ыдырысов, Зейнолла Шүкіров, Саид Баязитов, Оразбек Бодықов, Өскен Нәбиев, Нәсіреддин Сералиев, Кемел Тоқаев, Мырзабек Дүйсенов, Танаш Дәуренбеков, Бекмұрат Уахатов, Досмағанбет Тәсекеев, т.б.

(Жалғасы 4-бетте).



жазушысы Амантай Байтанаев жыр етіп әңгімелейді. Одан кейініректе «Таныс қыз» дейтін жаңа әңгімелер жинағы шықты. Ол кітапты іздеген жастар және сендей соғылысты. Иманжанов кітаптары қолға түспейтін алтын құсқа айналып кетті. «Алғашқы айлар», «Тыңдағылар», «Азамат мақтанышы», «Адам туралы аңыз» кітаптары бірінен-бірі жалғасты. Әдетте пьессалар жинағы оқырмандар үшін өтімді кітап саналмайды. Ал Иманжановтың «Менің махаббатым» атты пьессалар жинағы ғашықтық романындай оқылды. Осы аталған кітаптардың кейіпкерлерінің бәрі жастар болды. Жігіттер мен қыздар, даланың қызы, қаланың ұлы. Сол кітаптардың бәрінде де жас ғұмыр жырланды. Оларға кірген әр әңгіме, повесть, пьесса, роман жанды ерітіп жүректі толқытты.

Адамзат қоғамы құрымаса, жастық өлмейді. Жалынды жастықтың қос қанаты Достық пен Махаббат мәңгі жасайды. Ендеше өзінің азды-көпті өмірінде жастықты жырлап,

болды. Ал, оның үшіншісі Мұқан Иманжанов деп есептеймін. Саттар да, Баубек те ерте кетті. Ұзақ өмір сүре алмады. Бірі 23 жасында көз жұмды. Екіншісі 28 жасында опат болды. Екеуі де жар құшақтап, сәби сүйе алмады. Біреуін — оқ, екіншісін дерт қыршыннан қиды. Олардан Мұқан бір-бір жарым мүшелдей ғана артық өмір сүрді. 41 жастан үш ай ғана аса жер басып жүрді. «Жер басып жүрді» деймін-ау, ең соңғы екі жарым жылдың көп күндерін төсек тартып жатып, ауыр бейнетпен өткізді.

Адамға 40 жыл деген қамшының сабындай қысқа, шолақ сәт қой. Адамдарға, әсіресе, ақыл ой, өнер иелеріне 100 жыл жасаса да артық болмас еді! Әттең, амал не?! Осы аз өмірінде М.Иманжанов төрт түрлі бақытты басынан кешірді. Ол аз ба, көп пе — өз алдына мәселе.

Бірінші бақыты — Мұқанның досы көп еді. Онымен жеті жылдай бірге қызмет істеп, бір кабинетте қатар отырған Мұзафар

бас сұғар бос орын болмады. Түнде көшеде түнеп, таңертең кез-келген бақтан қызыл алма жұлып жеп, оразаларын ашты. Сөйтіп жүріп, жастар аз барып, қабылдайтын адамы толмай тұрған қаражат техникумына түсті. Үш жыл оқып, екеуі де оны үздік бітірді. Осы жылдарда орыс тілін ойдағыдай үйренді. Орыс әдебиетін, орыс тіліндегі француз, ағылшын немесе әдебиеттерін бас алмастан оқыды. Өздері қаржы техникумын бітіргендерімен, армандары әдебиет болатын. Сондықтан олар әдебиетке жақын жұмыстарды сағалады. Баубек Пионер газетіне, Мұқан Қазақ радиосының балалар редакциясына қызметке орналасты. Қызметтері бөлек болғанымен, егіз қозыдай екеуі жұп жазбады. Қаржы техникумының жатақханасында бір бөлмеде тұрғандарындай, қаладан пәтер жалдап, бір үйге жайғасты. Екеуі өмір бойы бірге боламыз, өлсек бірге өлеміз, бір қаланың шетінде қатар қабірде жатамыз деп уәделескен еді. Бірақ тағ-

(Соңы. Басы 3-бетте).

Осылардың көбі алғашын-да Мұқаннан ақыл тыңдады, хат алды, рухани, моральдық және материалдық көмек көрді. Ол кездегі (тіпті қазір де солай ғой) Мұқаннан өзге аға жазушылардың бірде-бірі арттағы інілеріне ақша жағынан көмектесе қоймайтын. Қаражаттан қысылған, қиналған, тұрмыстан тарыққан жас жазушыларға қарызға қалтасындағы ақшасын суырып беретін немесе оның қолынан жетектеп Гоголь көшесіндегі сақтық кассасына апарып, сұраған соммасын өзінің жұқалтаң счётынан жаздырып әперетін жалғыз Мұқан ғана болатын. Сол ғажайып жан Мұқан Иманжановтан осындай көмек көрген адамдардың бірі өзім екенін шексіз ризалық, алғыспен еске аламын.

Орыс әдебиетінде ұлы қаламгерлер көп. Бірақ әдебиеттің жас қауымын тәрбиелеген ұстаз жазушылар аз. Ұлы да, ұстаз да тек Максим Горький ғана. Әр қаламгердің қамқорлық көрсеткен өз Горькийі болады. Ол Горький елдегі (Павлодардағы) жалаңаяқ жас жазушыға (Вс. Ивановқа) Москвадан етік жібереді. Басқалардың шығармаларын өзі оқып, журналдарда жариялатады (Павел Васильев, Николай Анов, Иван Шухов және басқалары). Сөйтіп, олардың атын әлемге паш етеді. Ал менің Горькийім Мұқан Иманжанов болды. Ол маған әдеби, рухани, материалдық көмек көрсетті. Алматыдан алыста, сонау Керекуде жүрген жас журналисті тауып алып, тынбай қамқорлық жасады. Әрбір әдеби қадамын қадағалап, ақылын айтып отырды. Оны журналдарында жариялатты. Тұңғыш кітабын («Алыстағы ауданда») өз қолымен құрастырып, баспадан шығартты. Өзі кепілдеме (рекомендация) беріп, Алматыдағы үлкен ең жақын достарынан рекомендация ұйымдастырды. Алматыға шақыртпай, сонау Павлодарда жатқан мені сыртымнан Қазақстан Жазушылар одағына мүшелікке қабылдатты. Осындай Горькийлікті М.Иманжанов менен басқа да әлденеше адамға жасады. Мұқаннан азды-көпті көмек көрген осы адамдардың бәрі артынан атақты ақын, абыройлы жазушы, кемеңгер ғалым болып қалыптасты. Қазақ халқының ақыл, ой серкесіне айналды. Мінекей, толық емес осы тізімнің өзі ғана М.Иманжановтың бағасы қанша жоғары

екенін білдіреді ғой деп ойлаймын.

Мұқанның екінші бақыты – Рәзиядай жақсы жары болды. Адамдар арасынан дос таңдай білген Мұқан өзіне өмірлік серік боларлық әйелді де таңдай білді. 30 жасқа жетер-жетпесте жесір қалып, тағдырдың төлегіне ұшыраған ол Мұқанның қара шаңырағын құлатпады. Адал досы Баубектің қазасына жаны күйіп, күңірене отырып, Мұқанның өзі жазған «Қош бол, досым» мақаласында аталатын Баубектің жан жары Жаннадай қайғыға қарсы тұрып, Рәзия қажырлы қайратпен ғылыми диссертация қорғады. Жазушы М.Иманжанов жан-тәнімен жақсы көрген қазақ халқымен Мұқанды шексіз сүйген қазақ жастарына адал қызмет етті: институт кафедрасынан ұзақ жылдар үлгілі дәріс оқыды. Әрі қолына Мұқанның жазушылық қаламын ұстап, сыни шығармалар жазды. Жазушының артында қалған әдеби мұраларын жинақтап, жарыққа шығарды.

Үшінші бақыты – Мұқанның артында Мақсұт, Рүстем деген екі ұл қалды. Өкеден жастай қалған ол екеуін Рәзия жеңгеміз қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, мәпелеп өсіріп, ержеткізді. Мұқанның өзіндей адал, әділ азамат етіп өсірді. Енді олар өркен жайып, жазушының немере, шөберелері дүние есігін ашуда.

Жазушының төртінші бақыты – мәңгі тотықпайтын тақырыпты таңдап алуы дер едім. Өзгеміз тақырып таңдау жағынан өндіріс, егіншілік, малшылық, мәдениет, әлеуметтік, революциялық тақырып деп өз-өзімізге үлес алдық. Жіп таққан тақырыбымыздың көсемі боп көрінуге тырыстық. Мен де очерк жанрының отағасы боламын деп ойладым. Ал заман өзгеріп еді, біздің ол тақырыптарымыздың бәрі (тарихи тақырыптан басқасы) быт-шыт болды. Бұрынғы классикпін деп жүргендер енді өздерінің кім екенін де білмей қалды. Ал Мұқан жастық, достық, махаббат деген үш сөздің ғана жалына жармасты. Сол үшеуін өзінің өзгермес тақырыбы етті. Ақыры оның таңдағаны мәңгі өшпейтін тақырып болып шықты.

Мінекей, Мұқан Иманжанов шығармашылығынан, оның өз өмірінен алатын сабақ, танытын төлім, қабылдайтын ғибрат осы.

Әзілхан НҰРШАЙЫҚОВ.
2007 жыл.

P.S. Мемлекеттік қызметті де атқара жүріп бұрыннан бойға сіңген дағды ма, әлде әдебиетке жақын болғасын ба, мен де кітап оқу, мерзімдік баспасөздегі газет-журналдардағы қажетті де, керекті дүниелерді теріп оқи жүру, көңілге тоқи жүру қалыптасқан әдет. Осындай әдетпен, өткен жылдардағы газет-журналдарды ақтара отырып, биыл туғандарына 100 жыл толғалы отырған жерлестеріміз, тау ұлдары Мұқан Иманжанов пен Баубек Бұлқышевқа қатысты Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың естелік мақаласын оқып, көп ой түйдім, терең жазылған жазушының естелігін газет бетіне ұсынуды жөн көрдім. Естелік осыдан 9-10 жыл бұрын жазылып, 2013 жылы «Айқап» журналына басылған. Бірақ өз мәнін, мазмұнын жоғалтпақ емес.

Мақсұт АХМЕТОВ.
Егінді ауылы.

Жақсының аты өлмейді

Мағзұмбек МАШАЙЫҚҰЛЫ

Тарих тереңіне үңілсек, атағы алысқа кеткен, мұрасы бүгінгі ұрпағына жеткен, олардың даңқты ісін үлгі-өнеге еткен ұлы даланың ұлағатты жандары өткен. Олар артында өшпейтін өнегесін, өлмейтін мұрасын қалдырған. Сондай абзал жандардың бірі, бірегейі десе де болар Құлмұхамбет ишан Арыстанбайұлы. Ол кісі Орталық Қазақстан, оның ішінде ұлан-байтақ Ұлытау өңіріне Ислам дінін таратушы болған Орта Азияның ірі діни орталықтарынан терең білім алып, осы аймаққа, өзінің туып-өскен өлкесіне діни білімді таратқан. Бұл кісі Ащылы өзенінің жағасын Дулығалыға мешіт салып, одан медресе ашып, бала оқытып, елді діни сауаттандырған. Бұл мешіт «Дулығалы мешіті» деп аталады.

Мешіт XX ғасырдың басында күйдірілген кірпіштен, 9 күмбезді етіп салынған. Үш бөліктен тұрады: орталық және екі жағында жанама бөліктері бар. Сондай-ақ, биік етіп салынған

Үкіметі келген кезде мешітті бұзуға әрекет жасағандар түрлі себептермен жұмыс үстінде қаза таба берген соң бұзуға ешкімнің батылы бармаған. Мешіттің шырақшысы Қазі Бір-

цияны Ұлытау ауданы әкімінің орынбасары М.Оспанов ашып, «Ұлытау ауданы 1916 жылғы Ұлт-азаттық қозғалысының маңызды ошағы» деген тақырыпта баяндама жасады. Бұдан соң филология ғылымының кандидаты, Женева БАО (біліктілікті арттыру орталығы) доценті Айсұлу Қасымбекова «Құлмұхамбет медресе мектебінің рухани ағартушылық тағылымы», өлкетанушы Сағындық Қожамсейітов «Даланың рухани шамшырағы Құлмұхамбет ишан» деген тақырыпта баяндамалар жасалды. Бағдат Байжантаев «1916 жыл оқиғалары, архив құжаттарында: Алматыдан келген Әнуар Төлебаев «Ұлытау ұлары», «Жас Алаш» газетінің өкілі Әбдіраш Әлібеков, Жезқазған тарихи-археоло-

АТАҒЫ АЛЫСҚА ЖЕТКЕН РУХАНИ ҰСТАЗ



азан шақыру мұнарасы бар күрделі архитектуралық құрылыс. Бұл кезінде осы өңірдегі рухани білім беретін, Аллаға мінежат ететін діни орын болды. Сонымен қатар бұл жерде 24 бөлмелі медресе, мінежат етуге келгендерге арналған қонақ үйі болды. Осы құрылыстарға қажетті кірпішті сол жердің өзінен тауып, оны арнайы пештерде күйдірген. Мешіттің құрылысын жүргізіп, салып шыққан шебер Байтөре баласы Талпақ (шын аты Нұрпейіс) 1927 жылы 65 жасында қайтыс болыпты.

Құлмұхамбет Арыстанбайұлы 1841 жылы дүниеге келген. Руы Қыпшақ, ішінде Бердікейден тарайды. Ол Бұхарадан діни білім алумен бірге медицинаны, қолөнерін, ұсталықты, зергерлікті, ағаш шеберлігін, құрылыс салудың мамандығын меңгерген, сегіз қырлы, бір сырлы, жан-жақты кісі болған. Медреседе балаларға діни білім беріп, осы өңірге молдалар дайындап шығарған. Сонымен бірге орысша оқытуға да мән берген. Құлмұхамбет ишан 63 жасында қайтыс болады. Бірақ, оның ұрпақтары мешітті иесіз қалдырмаған. Оның немересі Қазі Бірмағанбетұлы шырақшы болып отырған. Ол Қызыл империяның қылышынан қан тамып тұрғанына қарамастан мешітке иешілік еткен. Иә, Кеңес

мағанбетұлы 1984 жылы қайтыс болып, біраз уақыт иесіз тұрып қалған, бірақ оның бұйымдары Қазидың ұрпағында сақталған. Құлмұхамбет ишаннан – Бірмағанбет, Әбдірахман, Сейітмағанбет, Әбдіғапар, Әбдірәйім туды. Бұлардың ұрпақтары бар. Аудандық білім бөлімінің басшысы Бағдат Әбдірайым ұрпағы. Басқаларынан тараған ұрпақтары да әр салада еңбек етеді. Құлмұхамбет ишанның Дулығалыдағы осы мешітіне 2011 жылы жөндеу жүргізіліп, қалпына келтірілді.

Жуырда осы Ұлы даланың ұлағатты ұстазы, діндар ишанға байланысты Жезқазған қаласындағы «Нұр Отанның» ғимаратында «Даланың рухани шамшырағы – Құлмұхамбет ишан» атты ғылыми-конференция өтті. Конференцияны ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы, Ұлт-азаттық қозғалысының 100 жылдығы шеңберінде Қарағанды облысы Ұлытау ауданының әкімі Х.Омаров, облыстық мәдениет, архивтер, құжаттама басқармасы, М.Төрегелдин атындағы Жезді мұражайы, Құлмұхамбет ишанның ұрпақтары ұйымдастырған. Конференцияға Астана, Алматы, Қарағандыдан зиялы қауым өкілдері, ишанның ұрпақтары, қала мен Ұлытау ауданының ардагерлері қатысты. Ғылыми-конферен-

циялық мұражайының ғылыми қызметкері Ғабдол Әуезов, Алматыдан келген Құлмұхамбет ишанның ұрпағы Маржан Ғабсаттар, Аманкелді ауылынан келген ишанның ұрпағы Рамазан Сұлтанұлы, еңбек ардагерлері Сейітжан Әмірбаев, Қадыр Үңгітбаев, т.б. сөз сөйледі. Құлмұхамбет ишанның ұрпағы Бағдат Әбдірайымов Алматыдан келген Айсұлу Қасымбекова ескерткіш-сыйлық тапсырды.

«Даланың рухани шамшырағы Құлмұхамбет ишан» атты бұл ғылыми конференция жоғары деңгейде өтті. Мұның өзі еліміздің егемендік алып, тәуелсіз мемлекет болуының арқасында Елбасымыз Н.Назарбаевтың кемеңгер басшылығы мен кемел саясатының, көпұлтты Қазақстан халқының бір анадан туғандай мызғымас бірлігінің арқасы. Кешегі келмеске кеткен Қызыл империяның сайқал саясатының тұсында жоғалтқанымызды тауып, тілімізді, дінімізді, әдет-ғұрып, салт-дәстүрімізді қалпына келтіріп жатырмыз. Тәуелсіздік алған 25 жыл ішінде Қазақстан дүниежүзі қызыға қарайтын жан-жақты дамыған іргелі де, ірі мемлекетке айналды. Бүгінде біздің кез-келген мемлекетпен тереземіз тең, керегеміз кең елміз.

Ғибрат

Бұқар жырау. Ел басына алмағайып заман туғанда халқының бірлігін, ата-жұртының тұтастығын сақтау жолында ерен еңбек еткен, тіршілігінің өзінде-ақ Көмекей әулие атанған Бұқар жырау Қалқаманұлы өз заманындағы аса ірі саяси тұлғалардың бірегейі, қоғам қайраткері. Қазақ хандығы тұсындағы ұлы жыраулар поэзиясының сірге жияр соңғы, әрі көрнекті өкілдерінің қатарына жататын Бұқар бабамыз қазақ жұртының ұлт ретінде жойылып кетуіне қауіп туған, құба қалмақ шапқыншылығы, «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» атанған аса ауыр тарихи кезеңде ғұмыр көшіп, өзінің ақындық, азаматтық борышын шегіне жеткізген кісі. Ол шашыранды жұртын әуелде өз Тәукенің, кейіннен Абылай ханның төңірегіне топтастырып, елдің еңсесін биіктетіп, басқыншы жауға қарсы шығуға үндеген, ұлт көсемдерімен ақыл біріктіріп, жалынды рухқа толы, тегеурінді жырларымен сарбаздарға дем берген кемеңгер.

«Он сан Алаш баласын, аузына Құдай қаратқан» Абылай ханның алдында айылын да жимай, азғындап кетсе, озбырлығын бетіне басып, тәубесіне түсіріп, ел дағдыра таразыға тартылғанда қос тізгін, бір шылбырды қолына ұстаған қажырлы күрескердің ерлігі мен еңбегіне де ден қойды. Әулие жырау орыс отаршылдығының өршіп келе жатқандығын дұрыс болжап, оның қазақ халқының дамуына, ұлт болашағына тигізетін зардаптарын тап басып көрсетті.

...Күнбатыстан бір дұшпан,
Ақыр да шығар сол тұстан.
Өзі – сары, көзі көк,
Діндардың аты поп.
Күншығысқа қарайды,
Шашын ылғи тарайды.
Құдайды білер діні жоқ,
Жамандыққа міні жоқ.
Осы сынды бір көпір,
Аузы-басы жүн көпір.
Жаяулап келер жұртыңа,
Жағалы шекпен кигізіп,
Балды май жағар мұртыңа.
Жемірлерге жем беріп,
Ел қамын айтқан жақсыны
Сөйлетпей ұрар ұртына
Бауыздамай ішер қаныңды
Қағазды жазар малыңды
Есепке салар барыңды.
Еліңді алар қолыңнан
Өскер қылар ұлыңнан.
Бұл айтқаным, Абылай,
Болмай қоймас артыңнан
Тексізді төрге шығарып,
Істетер сұмдықты ұйғарып
Асан сөзі осылай
Бүгін үшін аһ ұрған
Жауабыма қандың ба,
Естіп болып қартыңнан.

Бұқар жыраудың данышпандығына бұдан кейін қандай күмән келтірерсіз? Айтқанындай болды да қойды. Ақ Ресей де, одан кейінгі қызыл Ресей де қазақты көктетпеді. Орыс отаршылдығының тіліміз бен ділімізге, тіліміз бен дінімізге жасаған дұшпандығының салдарлары бүгінгі буынды ғана емес, әлі талай ұрпақты ұлы тамырдың сусынынан, ұлттық мәдениет мәйегінен қол үздіретін үрейге ұшырады. Көмекей әулиенің айтпай кеткені заманнан заман өткенде Алашы азаттық туын көтеріп, Сарыарқаның белінде Ақордасын орнатып, отаршылдық дәуірден мұра болып қалған әкімшілік бөліністер негізінде өзінің есімін иеленген аудан құрылып, мерейтойын мерекелейтіні. Мүмкін, айтты ма екен?! Ел басына күн туып, ер етігімен қан көшіп, жалпақ жұрттың есі кеткен уақыттары жадымыздан шығып қалған болар. Қазіргі өмір шындығы, ұлы Бұқардың есімін әспеттеп, соңында қалған асыл мұрасын иісі қазақ баласына насихаттап, бөтен жұртқа таныстырып, әруағына дұға бағыштайтын күн туды.

Майқы би. Мыңдаған жылға арналған адам таңқаларлық болжамдар жасаған Майқы би бабамызды ұмытуға болмайды. Шипагер Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы «Шипагерлік баян» кітабында: «Күндіз дәл түсте туылған адам кімде кім болса да ел билейді. Қарақылды қақ жарған әділ бола-

ҚАЗАҚТЫҢ
КӨРІПКЕЛДЕРІ

ды. Майқы бидің осы уақытта туылыпты» деуі Майқы бидің мына бір болжамында айқындалып тұрғандай. «Мен туған жылы ғарап жеріндегі мұнаралы шаһарды құм басып, жоқ етіп жіберген», деп отырады екен. Болжам жасағанда баба ұдайы көзін жұмып алып, одан кейін көзін ашып, өңі сұрланып, өзгеріс беріп сөйлей жөнелетін көрінеді. Бірде жасы жетпіске таяп қалған бір ақсақал: – О, дүние, не болады сенің ақырың?, деп күңіреніпті. Сонда Майқы би тұрып: – Өзімізді өзіміз қыратын заман болады. Шығыстан келетін сары сақал жұртымызға аз қорлық көрсетпейді. Талайдың қанын жүктейді. Енді мен үш жылдан кейін өлген соң, елімізді мың жеті жүз жылдан кейін жүнді бас, шегір сарылар басқаратын болады. Оларға жағымпазданатын да өз тұқымымыз болады. Басқындар бек тұқымын үш жүз жыл, Жан, Бал тұқымдарын екі жүз жыл, Ақ пен Бал тұқымдарын жүз жылдан аса билейді. Кейін олар өздерін өздері құртады. Қаратқан елін шаян болып шаққаны секілді, түрі өзге бодан жұрттың барлығы оларды жек көретін болады. Бірақ, еліміз олар билік жүргізген кезде қатты бұзылады,—деген екен. Би сөзінің аяғын тақпақтап:

– Өлі заман өзгерер,
Өзгергенін көз көрер.
Мінгенің арба болар,
Бар құс қарға болар.
Жансыз арба ат болар,
Өз балаң өзіңе жат болар.
Темірден құс болады,
Ұрпағымның көргені сұс болады.
Адам басы ауырып, дақ шатылар,
Базарында сұйылып сүт сатылар.
Еркек билік тұл болар,
Сиыр пұл болар.
Еркек жасып ит болар
Қатын тұлданып би болар.
Төсекке есеппен жатарсың,
Жыныс зарпын ақшаға сатарсың.
Баққаның өсек болар,
Балаң саяқ болар.
Сары судан ас шығар,
Балаң өзіңе қас шығар.
Жер тақыр болар,
Жұрт пақыр болар.
Осындай қилы заман болар,
Енді төрт мың жылда
Дүние төмәм болар, деп Майқы би ба-

баның болжамын өзінің туған жылымен салыстырайық. Майқы би Хижра

жылынан 711 жыл бұрын туып, 89 жасында дүние салыпты. Бұл біздің дәуірімізге дейінгі 89 жылға тура келеді. Қысқасы, ол біздің дәуіріміздің басында қайтыс болған. Содан бері екі мың жыл өтті. Енді осы дәуіріміздегі тарихымызға жүгінейік. Майқы би айтқан болжамның бірде бір сөзінен қателік таба алмаймыз. Орыс билегені, үш жүз жыл отарлығымыз. Одан бостандыққа шығуымыз бен қазіргі нарық заманы, жезөкшелік, қоғамдағы азғындық, ата-анасынан безгендер, шетелге бала сатылуы, еркектердің жұмыссыз қалуы, жемқорлық, тілді, дінді ұмыту секілді оқиғалар осы емес пе! Бүгінгінің бар сенген малы сиыр екенін де мойындаймыз. Бабамыз 73 жасында ойланып отырып:

– Жаманнан жақсы туар,
адам айтса нанғысыз.

Жақсыдан жаман туар,
бір жармаққа алғысыз,—
деп өзінің екі ұлы – Ұзыны мен Қортығына арнаса, әрі қарай тағы да:

– Соқырдан көрмес туар,
сараңнан бермес туар,

Ер арыса, әруақ болар,
ат арыса тулақ болар,—
деген данышпан Майқы би шешен, ғұлама ғана емес, өзінен кейінгі дүниеде не болатынын нақ айтып, қалдырған болашақтың болжаушысы, әрі көріпкел. Майқы би екі дүниенің құпиясынан хабары мол, парасат иесі. Егер Нострадамустың қағазға түсірген болжамдары мен Майқы бидің болжамын салыстырсақ, өзара ұқсастық көреміз. Нострадамус 1550-3797 жылдар аралығын болжаса, Майқы би оған дейінгі 16-шы ғасырдың, бұған қоса одан кейінгі 200 жылды да болжап отыр.

Мөңке би. Қазақ елінің кең байтақ жерін мекендеген ата-бабаларымыздың біздерге қалдырып кеткені байтақ жері мен ұлы даналық сөздері. Міне, өткенге бір сәт көз қырын салып, алға, болашаққа қарай бағыт алуға мүмкіндігі бар. Сондықтан да, ата-бабаларымыздың ел болашағын болжап, келер ұрпақтың көретін күніне қатты ашынып, дәл болжап айтқан, «Нострадамустар» да бар екенін білуге болады. Осыдан 300 жылдай бұрын өмір сүрген атақты Мөңке би бабамыздың мына төмендегі болжамын Нострадамустан кем емес деуге әбден болады.

... Құрамалы, қорғанды үйің болады,
Айнымалы, төкпелі биің болады.

Халыққа бір тиын пайдасы жоқ,
Ай сайын бас қосқан жиын болады.
Ішінен шынтақ айналмайтын,
Ежірей деген ұлың болады.
Ақыл айтсаң ауырып қалатын
Бөжірей деген қызың болады.
Алдыңды кес-кестеп өтетін,
Кекірей деген келінің болады.
Ішкенің сары су болады,
Берсең итің ішпейді.
Бірақ, адам оған құмар болады.
Домалақ-домалақ түймедей

дөрің болады,
Жастарға билігі жүрмес
көрің болады
Ертеңіне сенбейтін күнің болады
Бетіңнен алып түсетін інің болады.
Алашұбар тілің болады,
Дүдәмалдау дінің болады.
Әйелің базаршы болады,
Еркегің қазаншы болады.
Бұқараны құм алады,
Төрткүлді су алады.
Халықтың қанын сорған

надандар болады,
Қабағын түйіп қайыр тілейтін
адамдар болады.

Қиналғанда шапағаты жоқ,
жақының болады,
Ит пен мысықтай ырылдасқан
Еркек пен қатының болады.
Сарылып келіп тосасың,
Құны жоқ қағазды судай шашасың.
Соның бәрін көресің,
Көріп барып өлесің.
...Бай құрып, бақсы азады,
Кек көбейіп, бейшара озады.
Қу моладан үйің болады,
Қу баладан биің болады.
Небір – жерге теңеледі.
Әйел – ерге теңеледі.
Сиыр – өгізге теңеледі.
Көл – теңізге теңеледі.

Адам ақысыз жұмыс істемейді,
Дүниені түрлеп кестелейді.
Ақшаны – ащы демейді.
Сағынып тамақ жемейді.
Шапқанын олжа дейді,
Әлһам білгенін молда дейді,
Бір-біріне қарыз бермейді,
Шақырмаса көрші-көршіге кірмейді.
Үй ішінде неше жан болса,
Бас-басына би болар.
Тұтам ағаш ту бие болады.
Бір жерде оншақты үй болса,
Ата-анасы аталып
Бөлек-бөлек жүйе болар...
...Шайдан басқа асы жоқ,
Жақыннан басқа қасы жоқ.
Лағнет қамыты мойнында,
Жұмыстан қолының босы жоқ.
Өрқашанда олардың көңілінің
хошы жоқ.

Бар шаруа түп-түгел
Енді мұның иесі жоқ.
Бас қосылған жерде
Әйел жағы ден болар.
Жаман-жақсы айтса да
Өзінікі жөн болар.
Орай салып бастарын,
Жалпылдатып шаштарын
Тақымдары жылтылдап
Емшектері салпылдап
Ұят жағы кем болар.
Орыс, қазақ қосылып
Бір-біріне үйір болар.
Сөйткен заман кез болса
Түзелуі қиын болар.
Жақсының атағы кетіп, азабы қалар,
Ақылы жоқ санасыздың
заманы болар.

Сөздің маңызы кетіп, самалы қалар,
Адамның жақсысы кетіп,
жаманы қалар,—деген
екен Мөңке би.

Осындай өсиет қалдырған Бұқар жырауды, Майқы би мен Мөңке билерді «көріпкел емес» деп көріңіз енді. Олардың осыдан бірнеше жүздеген жыл бұрын айтқан болжамдары шындыққа айналып отыр емес пе?! Қазіргі қоғамның болмыс-бітімін асқан дәлдікпен болжаған қазақ көріпкелдерінің айтқандары бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болса игі...

**Дайындаған:
Тәшен ЕСІМСЕЙІТҰЛЫ.**

Мереке мерейі

ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН

Рахымжан ӨДЕНҰЛЫ

*Кем көрмеймін әкем менен анамнан,
Соған ұқсап құдық біз де сан арман.
Мен ұстазға басымды ием әрқашан,
Адамзаттың бақыты үшін жаралған!*

Итен ҚАРЫМСАҚҰЛЫ.

ҰСТАЗ! Осы бір бес әріптен ғана құралған сөзде қаншама құдірет, қаншама ұлағат жатыр десеңізші?! Ұстаз – әлемдегі ең бір құрметті де қастерлі мамандық болуымен бірге, аса жауапты да қиын мамандық. Өйткені жас ұрпаққа жасынан бастап қандай тәлім-тәрбие берілсе, ол соған сай болып ержетеді. Мұғалімдерді халық арасында «бала жанының бағбаны» деп атауы да сондықтан. Ұстаздың бала жанына жол тауып, шәкірт көкейіндегісін дөп басуынан, оның бойына ізгілік пен мейірім нұрын мол себуінен – ертеңгі ел тізгінін ұстар азамат қалыптасады. «Адамның адамшылдығы – жақсы ұстаздан» деген екен данышпан Абай. Негізі адам баласының «өмір» атты тіршілікте, ұстаз алдынан дәріс алмағаны жоқ, сірә! Сондықтан да әрбір адам олардың алдында бас иеді! Жаңа оқу жылы басталып,



өкімі қарт ұстаз Ш.Смайыловтың омырауына «Қарағанды облысы бойынша білім беру ісінің Құрметті қызметкері» төсбелгісін тақты. «ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің «Алғыс хатымен» №17 Байқоңыр орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.Нұрпейісова, №3 Аманкелді орта мектебінің директоры Б.Байжантаев марапатталды. Облыс әкімінің «Құрмет грамотасы» Ж.Жабеев атындағы №15 Қарсақбай орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А.Кемелбековаға, «Алғыс хаты» №17 Байқоңыр орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі М.Стамқұловқа табысталды. Ал №1 Ұлытау орта мектебінің ұстазы С.Есмағанбетов Ұлытау ауданы



алғашқы қоңырау сыңғырының үнінен алған әсер сейілмей жатып-ақ, білім ордаларында айтулы бір мереке аталып өтіледі жыл сайын. Бұл қазан айының алғашқы жексенбісінде мерекеленетін – Мұғалім күні! Бұл күні ұлағатты ұстаздар қауымы ұлықталады. Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдық торқалы тойы мерекеленетін биылғы Мұғалім күні елімізде ерекше сипатқа ие болғандай. Құшақтары гүлге, көңілдері қуанышқа толы ұлағатты ұстаздарға бүгін көрсетілетін сый-құрметте шек жоқ, тіпті. Өлбетте, олар бұған әбден лайықты жандар!

Ұстаздар мейрамы аудан орталығындағы Мәдениет үйіндегі салтанатты жиыннан басталды. Жиынға аудан мектептеріндегі озат мұғалімдер, ардагер ұстаздар, ауыл тұрғындары қатысты. Ұстаздар қауымын кәсіби мерекелерімен аудан басшысы Х.Омаров құттықтап, ақжарма тілектерін жолдады. Қиындығы қызығымен қатар жүретін ұстаздық еңбектеріне жеміс, отбастарына амандық-саулық, өздеріне қажыр-қайрат тіледі аудан басшысы өз құттықтауында. Кезек ұстаздарды төл мерекелері құрметіне марапаттау рәсіміне келді. Аудан



орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Г.Бейсенова аудан өкімінің «Алғыс хаттарымен» марапатталды. Аудандық білім бөлімінің басшысы Б.Әбдірайы-

мов аудан мұғалімдерін, ардагер ұстаздарды кәсіби мерекелерімен құттықтап, өзінің жүрекжарды лебіздерін жолдады. Облыстық Білім басқармасының «Құрмет грамотасын» №14 Алғабас орта мектебінің директоры Б.Алтынбековке, АББ-нің «Құрмет грамоталарын» осы мектептің физика

пәні мұғалімі Р.Бахиеваға және №17 Байқоңыр орта мектебі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.Насыритдиноваға табыс етті. Ал Жезді мектеп-интернаты денешынықтыру пәнінің мұғалімі Г.Құдабаева АББ-нің «Алғыс хатына» ие болды. Мұғалімдер мерекесіне арналған салтанат, аудандық Мәдениет үйі өнерпаздарының, мектеп оқушыларының ән-күйлерімен, билерімен әспеттеліп отырылды. Бұл салтанатты жиынның қатысушыларға жасаған «тосын сыйы» – мұғалімдердің өздері сахнадан өнер көрсетуі болды. №5 Пионер Негізгі мектебінің директоры С.Күнтуғановтың («Ауылым» әні), №15 Қарсақбай орта мектебінің мұғалімі Г.Айжігітқызының (Тұрманбеттің «Тәлім» термесі), аудандық Балалар музыка мектебінің директоры міндетін уақытша атқарушы Қ.Бектібаеваның (Ықыластың «Жезкіік» күйі), №4 Қаракенгір орта мектебінің директоры М.Бейсеновтың («Менің-дағы бір аққуым бар шығар» әні), №9 Терісаққан орта мектебінің мұғалімі Г.Сейдахметованың («Ауылым» әні) өнерлері жиналған жұртшылықты тәнті етті. Өздерін жаңа қырларынан танытқан әріптестеріне, ауданның ұстаздар қауымы да ыстық ықыластарын арнады. Мұғалімдер күніне арналған «Жырлаймын, ұстаз, өзіңді!» атты мерекелік концертке, барлық өнерпаздар хормен шырқаған «Ұстазым» әні нүкте қойды. Соңынан «Құндыз» дәмханасында мерекелік жиынға қатысқан ұстаздар қауымына АББ дарқан дастарқан жайып, түскі ас берді.

Иә, жоғары деңгейде өткізілген мерекелік іс-шарадан аудан мұғалімдері тың жігер, соны серпін алғаны анық. «Ұстаз болу – өз уақытыңды аямау, өзгенің бақытын аялау» деп академик жазушы Зейнолла Қабдолов айтқандай, ауданның мұғалімдер қауымы жаңа оқу жылында жаңа жетістіктерге жетеріне, жас ұрпақ тәрбиесі жолында бойындағы бар қажыр-қайратын сарқа жұмсайтынына сенгісі келеді елдің!

Суреттерде: Мұғалім күні мерекесіне арналған іс-шарадан.

Суреттерді түсірген Ж.АЯШЕВ.

Кәсіподақ тынысы

КЕЛІСІМ ОРЫНДАЛУЫМЕН ҚҰНДЫ

**Елтынды ДҮЙСЕНБАЕВ**

Жуырда «Облыстық ауылшаруашылығы, қайта өңдеу ұйымдары және мемлекеттік мекеме қызметкерлері жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Қ.Ж.Рахымжанованың қатысуымен «Ұлытау ауданы әкімдігінің, кәсіподақтар бірлестіктерінің аудандық жұмыс берушілер мен кәсіпкерлер қауымдастығының арасындағы 2015-2017 жылдарға арналған «Аудандық келісімнің» орындалу барысында кеңейтілген мәжіліс болып өтті. Оған аудан әкімінің орынбасарлары, мекеме, ұйым басшылары, бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағалары және еңбек озаттары қатыстырылды. Сондай-ақ бұл мәжіліске облыстық кәсіподақтар орталығының заңгері Ө.Н.Әбжанов, Нұра ауданының әлеуметтік бағдарламалар және жұмыспен қамту бөлімінің басшысы Г.Т.Жүпенова, Қарқаралы, Жаңаарқа және Ақтоғай аудандарының кәсіподақ бірлестігі өкілдіктері жетекшілері Н.Игілікова, Н.Акишев және С.Несіпбековтер қатысып, тәжірибелер алмасты. К.Рахымжанова, Ө.Әбжановтар бұл келісімдерді орындаудағы міндеттер мен заңдылықтарды түсіндіріп, оның мән-маңызына тоқталды. Бұдан бұрын мұндай келелі жиын Нұра ауданында өткізілген екен. Ауданымыздағы мәжілісті аудандық кәсіподақ бірлестігі өкілдігінің төрағасы Ш.Үмбетов жүргізіп отырды. Сонымен мәжілісте қозғалған негізгі мәселелер мына төмендегідей: ҚР Заңнамасын мұлтіксіз сақтау, атқарушы билік орындарының жұмыс берушілермен қызметкерлердің әлеуметтік жауапкершілігі, өзара сыйластығымен олардың мүдделерін білдіруде барынша ымыраға қол жеткізу. «Қазақстан-2050» стратегиясын жүзеге асырудағы ынтымақты жауапкершілік және оның жер-жерлерде нақты жүзеге асырылуына ықпал ету. Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік еңбек қатынастарын ұжымдық-шарттық реттеу. Сол сияқты ауданымызда еңбек адамдарына көрсетіліп жатқан көмектер және түрлі марапаттар. Еңбек адамдарының денсаулығына зер салу, демалыстарын мерзімінде тиімді пайдаланылуы, жалақыларының уақытында төленуі, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәрізді күн тәртібінен түспей, тұрақты назарда болу керектігі баса айтылды. Ауданымызда соңғы үш жылдың

өзінде 54 еңбек адамдарымен зейнеткерлерге «Сарыағаш», «Жаңақорған», «Ақбұлақ» шипажайларында тегін демалу-сауықтыру жұмыстары ұйымдастырылған. Бұл жаман көрсеткіш емес. Дейтұрсақта ауылшаруашылығындағы қарапайым еңбек адамдарының жағдайларына әлі де назар аудару қажеттілігі де жоқ емес. Демек, жоғарыдағы келісімнің мінсіз орындалуына әлі де баса көңіл бөлінсе нұр үстіне нұр болмақ. Атап айтар болсақ, «Келісімнің VI-тарауының 6.5-бабында: «Атқарушы билік органдары жер-жерлерде (село, кент әкімдіктері) ауылшаруашылығы құрылымдарында жалдамалы жұмысшылармен жасасқан шарттарды тіркей отырып, олардың санын есепке алуға міндеттенеді» – делінген. Міне, село, кент әкімдіктері осы жұмысты әлі де пысықтағандары жөн. «Келісімде» және «Еңбек кодексінде» көрсетілгендей, жұмысшыларды еңбек шартына тұру туралы сауаттандыру аса қажет. Кәсіподақтың бастауыш ұйым жетекшілері ұжымдық шарттың мағынасы мен міндеттерін, олардың еңбекшілердің құқығын қорғайтын бірінші кезектегі құжат екендігін, онда еңбекті қорғау, еңбек қауіпсіздігін сақтау, айлық, жалақы, дем алу, демалыс кестесі сияқты маңызды мәселелердің заң жүзінде екіжақты келісіп, қол қойылғандығын қарапайым еңбек адамдары білуі шарт. Міне, осындай қағидаттарды сақтаған жағдайда ғана жұмысшы құқығы, еңбеккер құқығы толыққанды қорғалмақ. Мәжіліс барысында орнықты да, ойлы біршама пікір-ұсыныстар да айтылмай қалған жоқ. Жиын соңы кәсіподақ жанашырлары мен еңбек озаттарын марапаттау рәсімі өткізілді. Облыстық қоғамдық кеңестің Құрмет грамотасымен «Жезбұлақ» кәсіпорнының жұмыскері Қанат Әбдірәсіпов, «Бекетай-баба» шаруа қожалығының комбайншысы Сергей Метелкин, «Сарысу» шаруа қожалығының механизаторы Жанәдіпов. Орталық комитеттің Құрмет грамотасымен Сарысу селолық округінің әкімі Х.Аппазов, Ұлытау селолық әкімінің бас маманы Ж.Айтжановтар марапатқа ие болса, «Еңбек даңқы» төсбелгісімен аудан әкімінің орынбасары А.Мырзабеков, аудандық ветеринария бөлімінің Терісаққан селолық округіндегі маманы Н.Омарбеков, аудандық Мәдениет үйінің электрігі Т.Нұршабаевтар марапатталды. Кәсіп одақтықтар алдағы болар істі тағы бір саралап өтіп, мәжіліс жұмысын аяқтады.

Елтынды ДҮЙСЕНБАЕВ

Адам факторын, адами құндылықтарды бірінші кезеңге қойған біздің қоғамымызда әр адам тағдырын назарда ұстау белең алып келе жатқандығы көңіліңізге қуаныш ұялатады. Жуырда ғана болған «Айтуға оңай» бағдарламасының Ұлытау жерінде түсіріліп, республикалық арнадан көрсетілуі ешкімді де бей-жәй қалдыра алмады. Тағдырдың соққысын жастайынан басынан өткізген Айдана есімді қызымыздың қай-ғы-қасіретін телеэкраннан көргенде көздеріне жас алмаған жандар кем-де-кем болар. Жеке басына түскен тағдыр тауқыметтің тағдыр төлкегіне мойымаған қызымыздың өмірден адаспай жеңіп шығуы да ғажап емес пе? Бейнебір «жарияланбаған соғыс» сияқты сюжеттер телеэкран арқылы беріліп жатқанда жүрегіңізді дір еткізер сәттер, оқиғалар көңіліңізге мұң ұялатып, жүрегіңізді сыздамты әлптер-тәптер күй кешеріңіз де анық. Сан алуан шым-шытырық шытырман жағдайлар, оқиғалар, адам тағдыры...

Оқиға былай өріс алған. Сол кездегі совхоз директоры болған, қазіргі кең-шар тұрғыны, ауыл ақсақалы Жақыпбек Дайыровтың айтуынша, совхозға адам күші керек болған. Кезінде бұл жағдайды барлық шаруашылықтар басынан кешірсе керек. Содан совхоз әкімшілігі Қарақалпақстаннан үш жанұя көшіріп әкеледі, ішінде Мадияр Айтбаев та бар. Өкінішке орай, жыл өткен соң совхоз тарап, жеке иешіліктерге көшіріледі. Келген адамдар жұмыссыз қалады. Шарапқа әуес әкенің арқасында бір жанұяның тағдыры күл-талқан болады. Мадиярдың көршісі болған (қыздың әкесі) Сәтбек Исанбаевтың айтуынша, балалардың әкесі теледидар жөндеуші болып күн көруге көшеді. Шарап ішуін қоймайды. Соңында анасы Шәрипа балаларын тастап, басқа елге кетіп отырады. Көршісі болған Венера Гүлімбетованың айтуынша, Түркістанға кетіп саудамен айналысады. Бағдарлама барысында жылап, жауап беріп отырған Айдана қыз: – Тіпті анамды көргім де келмейді, мейірімді ана болса 4 баласын тастап кетер ме еді, соншама тасжүрек болғаны ма, – деп заң еңіреп отыр...

«Айтуға оңай» бағдарламасына алғашқылардың бірі болып хабар-

Мейрамның әлеуметтік желіде жариялаған сөзі:

«... Айдана ойымнан шықпай қойды. Шынымен дегбірім кетті. Жүрегім өрекіп, аузыма сыймады. Қайтсем де осы қыздың құжаттарын тауып қатарға қосуым керек деген мақсат қойдым өзіме. Емізулі қызым бар. Енеме ай-



нын, иттің күнін кешкенін... айтып тауыса алмады. Ол өмірінде жан адамның жанашырлығын көрмеген. Жылы қабақ танытқан адамды құшақтағысы келеді. Шынайы. Жасандылықтан жұрдай. Жү-

Жамбыл Белгібайға (шынайы кадрлары үшін) алғысым шексіз. «Айтуға оңай» Бейсен Құранбек аға, Алия Құдайбергенова, Айнұр Тасыбаева, Сая Әбдіғаппар, Азиза Толенби, Ақжелең Рахатдин, Арайлым Рахымғалиева, Мариям Әбсаттар, Мақсат Ержанұлы, Ильяс, Абылайхан Жәнібекұлы, Мәулен, Бегалы бәріміз сенің бақытты болуыңа атсалысамыз. Сен менің қызымсың Айдана! Мен сені жақсы көрем Алтыным!».

Телебағдарлама жүргізушісі Бейсен Құранбектің: – Айдана осы уақытқа дейін саған біреу гүл ұсынып көрді ме деген сұрағына Айдана қызымыз жоқ деп баяу жауап берді... Іле студияға гүл әкелініп ұсынылып жатты. Гүлді қабылдап қолына алған қызымыздың мөлдіреген көз жасы, бал-бұл жанған жүзі жүрегі бар жанды еріксіз тебірентеді. Тағы да ұсынылған қуыршақ, ұялы телефон, «Самұрық қазыналық» азаматтардың демеу көрсетіп берген тегін жатақханасы қайырымды жандардың бар екендігінің айқын бір дәлелі екендігіне де дау жоқ. Бағдарлама жүргізушісінің үкімет деген осы отырған Сіздер мен біздер

деп айтуы да шынайылыққа келіп тұр емес пе: Айдананың сүйікті әншісіне ән де шырқатты, қысқасы баланы анадан жаңадан туғандай сілкініп, ауыртпалықты сырып, жаңаша түлетті. Ең бастысы туылған жылын да шатастырып, құжаты болмаған туу туралы куәлігі де жоқ Айданаға құжаттың тапсырылуы өзін толыққанды Қазақстан азаматы ретінде сезінуге жол ашты.



*не-месе баршамызды алаңдатқан
Айдана қыз тағдыры немен
аяқталды?*



ласқан Перизат Байегізова былай, дейді: – Аманкелді елінде туып-өскем, 1990 жылы оралмандар келді. Өзім 12 жаста болатынымын, бағдарламаны көріп әкемнен телефон шалып сұрадым. Әкем Мадияр мен Шәрипаның қызы болғанын айтты.

«Айтуға оңай» бағдарламасына аудан әкімдігінен арнайы барып қатысқан ішкі саясат бөлімінің басшысы Алмат Сакипов өз ойын былай түйіндейді: – Тікелей бағдарлама ішінде қатысып отыру әсері мүлдем бөлек. Бір қуаныш, бір қасірет, мүлдем басқа күй кешесіз. Айдана тағдырына көзіне жас алмаған жан жоқ... Ең бастысы адам тағдырына қолдау білдіріп отырған қоғамымыз, қайырымды жандар Айдана өмірін өзгертіп, жаңа өмір бастауына жетелейді деген ойдамын. Бағдарлама соңында қарындасымызда өмірге деген серпіліс, іңкәрлік, қамқор жандарға деген сенім пайда болғаны баршамызды қуантты.

Бағдарлама журналисі Самал

тып ем, «барып кел, әкем» деді. Сөйтіп, Жезқазғанға жеттік. Қасымда кәсіби оператор Жамбыл Белгібаев. Шынымды айтсам, маған ас батпады. Алматыдан Жезқазғанға, Жезқазғаннан Ұлытауға, Ұлытаудан Аманкелдіге жеткенше алақанымды жайып, Алладан көмек сұрадым. Осы қаршадай қыздың қабасына қалай қуаныш сыйласам дедім. Қасымызда әкімшілік өкілі болды. Түбін, тамырын білгісі келеді. Қанша жерден әке-шешесін жек көрсе де, олар туралы кішкентай дүние шығып қалса, жанары жарқ ете қалады. Мен оның мұңлы жанарынан сол ұшқынды көрдім. Бәрібір сағынады. Ұзақ жолдан шаршап-шалдығып кетсек те, мен Айданамен әңгімелесе бердім. Таңға дейін сөйлестік. Ішіне шөмен боп қатқан шерді шығарғысы келді. Астананың қақаған сары аязында тәлішкемен далада жалаңаяқ қалғанын, қарны ашқанда құрсағы қабысып аштыққа шыдамай айқайлап жылаға-

БАҒДАРЛАМА
АЛҒЫСЫ

«Айтуға оңай» бағдарламасы адам тағдырына зор жауапкершілікпен қарап, түсіру тобына қамқорлық жасаған Ұлытау халқына, аудан әкімі Хамит Омаров, аудан әкімінің орынбасарлары Мақсұт Оспанов, Ерлан Өткелбаевтарға алғысын білдіреді.



дырықтай жүрегі өзін тапқысы келеді. Мен бақытты болуға қатты тырыстым дейді. Оның арманы асқақ. Сенің өзіңді табуыңа титтәй да болса септігім тисе, мен соған ризамын алтыным Айдана. Енді сенің жылағаныңды көргім келмейді. Жанар Оразымбет айтпақшы, біздікі ұжымдық жұмыс. Ортақ жеңіс. Ұлытаудың азаматтарына, «Бренд-оператор»

P.S. Қаршадай Айдана қыз тағдыры баршамызды қалың ойға батырды. Тағдыр төлкегіне түскен қыз өмірі ешкімді де бей-жәй қалдыра алмады. Осындайда қанатымен су сепкен қарлығаштай өз балапандарын қолдап, қорғап жатқан қайырымды жандардан айналмайсың ба? Айтуға оңай...

1-кеңес. Негізгі шарттар

Бақылау және қадағалау өкілеттігі бар тексеруші, ол - бәрінен бұрын мемлекеттік қызметкер болып табылады.

ҚР Әдеп Кодексінің талаптарына сәйкес мемлекеттік қызметті атқару, ол, қызметкерге қоғаммен, мемлекетпен артылған ерекше сенім және мемлекеттік қызметкерлердің моральдік-әдептік келбетіне жоғары талаптар қойылады.

Мемлекеттік қызметкер өзінің іскерлік сапасы бойынша адал, әділ, қарапайым, көпшілік мақұлдаған моральдық-әдептік нормаларды ұстануға, азаматтармен араласу кезінде сыпайылық пен биязылық танытуға міндетті.

2-кеңес. Тексеру түрлері және олардың ерекшеліктері

Тексерушілердің мақсаты тексеріс немесе қадағалаудың өзге де нысандарын жүргізу болып табылады.

Егер тексерушілердің келуі өзге де нысандардың бақылауы болып табылса, олардың әрекеттері ескертуге, алдын-алуға бағытталған, олардың нәтижесі бойынша бұзушылық анықталса да, әкімшілік құқық бұзушылық іс қозғаусыз қорытынды құжаттар (анықтама, ұйғарым, қорытынды және т.б.) жасалады.

Егер тексерушілердің әрекеттері тексеру болып табылса, онда объектіні тексеруге келген мемлекеттік органның лауазымды тұлғасы:

— құқықтық статистика және арнайы есепке алу бойынша уәкілетті органда тіркелгендігі туралы белгісі бар тексеріс тағайындау туралы актіні (ұйғарым, қаулы, бұйрық),

— қызметтік куәлігі,

— қажеттілігіне қарай режимдік объектіге баруға берілген құзыретті органның рұқсат қағазын,

— денсаулық сақтау саласында органмен бекітілген тәртіп бойынша объектіге бару үшін медициналық рұқсат қағазын,

— тексеруге жататын, талаптардың тармақтары көрсетілген тексеру парағын ұсынуға міндетті.

Тексеру тағайындау туралы актіде көрсетілмеген тексерушілер тексеру жүргізуге құқықтары жоқ.

(Тіркелген тексеру туралы ақпаратты сіз <http://service.pravstat.kz> сайтының «Бизнес - тірегі - опора бизнеса» бөлімінен тексере аласыз.)

3-кеңес. Тексерушілердің міндеттері (ҚР Кәсіпкерлік Кодексінің 154-бабы).

Бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдары бақылау және қадағалау жүргізу кезінде:

— Қазақстан Республикасының заңнамасын, тексерілетін субъектілердің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауға;

— тексеруді осы Кодексте және (немесе) Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген негізде және тәртіппен қатаң сәйкестікте жүргізуге;

— тексерілетін субъектілердің белгіленген жұмыс режиміне тексеру жүргізу кезеңінде кедергі келтірмеуге;



КӘСІПКЕРГЕ 7 ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

— Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жолын кесу бойынша Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес берілген өкілеттіктерді уақтылы және толық көлемде орындауға;

— тексеру жүргізу кезінде тексерілетін субъектінің қатысуына кедергі келтірмеуге, тексеру нысанасына жатқызылған мәселелер бойынша түсініктер беруге;

— тексерілетін субъектіге тексеру жүргізу кезінде оның нысанасына қатысты қажетті ақпарат беруге;

— тексеру аяқталған күні не «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүргізілген тексерудің нәтижелері туралы актіні тексерілетін субъектіге тапсыруға;

— тексеру жүргізу нәтижесінде алынған құжаттардың және мәліметтердің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

4-кеңес. Тексерілетін субъектілердің құқықтары (ҚР Кәсіпкерлік Кодексінің 155-бабы)

1. Бақылау және қадағалау жүзеге асырылу кезіндегі тексерілетін субъектілер не олардың уәкілеттік берілген өкілдері:

1) тексеру жүргізу үшін келген бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарын объектіге тексеруге жібермеуге;

— Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде көрсетілген, бекітілген тексерулер жүргізудің ерекше тәртібі бойынша тексерулер және ішінара тексерулер жүргізу мерзімділігі сақталмаған;

— осы Кодексте белгіленген мерзімдерге сәйкес келмейтін тексеру тағайындау туралы актіде көрсетілген мерзімдер асып кеткен не өтіп кеткен;

— бақылау және қадағалау органы сол бір кезеңде сол бір мәселе бойынша бұрын тексеру жүргізілген тексерілетін субъектіге (объектіге) тексеру тағайындаған;

— егер алдыңғы тексеру кезінде бұзушылықтар анықталмаған болса, бірақ алдыңғы тексеру бойынша берілген ұйғарымның орындалысын тексеру үшін жоспардан тыс тексеру тағайындалған;

— құқықтық статистика және арнайы есепке алу бойынша уәкілетті органда тіркелгендігі туралы белгісі бар тексеріс тағайындау туралы актіні (ұйғарым, қаулы, бұйрық), қызметтік куәлігі, қажеттілігіне қарай режимдік объектіге баруға берілген құзыретті органның рұқсат қағазын, денсаулық сақтау саласында органмен бекітілген тәртіп бойынша объектіге бару үшін медициналық рұқсат қағазын,

— тексеруге жататын, талаптардың тармақтары көрсетілген тексеру парағы, көзделген ақпарат пен құжаттар болмаған;

— егер «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексында (Салық кодексі) өзгеше көзделмесе, жасалған не әзірленіп жатқан қылмыстық бұзушылықтар туралы арызда немесе хабарда, жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы туралы өзге де өтініштерде көрсетілген уақыт аралығы шеңберінен шығатын кезеңде тексеру тағайындалған;

— тиісті өкілеттіктері жоқ адамдарға тексеру жүргізу тапсырылған;

— тексеруді тағайындау туралы бір актіде тексеруге тартылатын бірнеше тексерілетін субъект көрсетілген;

— тексеру мерзімдері осы Кодексте белгіленген мерзімнен асырып ұзартылған;

— Кәсіпкерлік Кодекстің талаптарының өрескел бұзылған жағдайларда;

2) егер жүргізілетін тексерудің нысанасына жатқызылмаған немесе актіде көрсетіл-

ген кезеңге жатқызылмаған болса, мәліметтер бермеуге;

3) тексеруді тағайындау туралы актіге, тексерудің нәтижелері туралы актіге және мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) осы Кодексте және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға;

4) бақылау және қадағалау органдарының немесе лауазымды адамдардың тексерілетін субъектілердің қызметін шектейтін, заңға негізделмеген тыйым салуларын орындамауға;

5) тексеруді жүзеге асыру процесін, сондай-ақ лауазымды адамның қызметіне кедергі келтірместен, аудио және бейнетехника құралдарының көмегімен лауазымды адамның тексеру шеңберінде жүргізген жекелеген әрекеттерін тіркеуге;

6) өз мүдделері мен құқықтарын білдіріуі, сондай-ақ үшінші тұлғалардың осы тармақтың 5) тармақшасында көзделген әрекеттерді жүзеге асыруы мақсатында үшінші тұлғаларды тексеруге қатысуға тартуға құқылы.

5-кеңес. Тексерілетін субъектілердің міндеттері

Бақылау және қадағалау органдары тексерулер немесе тексерілетін объектіге бару арқылы бақылаудың және қадағалаудың өзге нысандарын жүргізген кезде тексерілетін субъектілер не олардың уәкілетті өкілдері:

1) тексерілетін субъектінің аумағына және үй-жайына бақылау және қадағалау органдары лауазымды адамдарының кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге; 2) коммерциялық, салықтық не өзге де құпияны қорғау талаптарын сақтай отырып, бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарына қағаз және электрондық жеткізгіштердегі құжаттарды (мәліметтерді) не тексерудің нәтижелері туралы актіге қоса тіркеу үшін олардың көшірмелерін ұсынуға, сондай-ақ тексе-

рудің міндеттері мен нысанасына сәйкес автоматтандырылған дерекқорға (ақпараттық жүйелерге) қолжетімділік беруге; 3) тексеруді тағайындау туралы актінің екінші данасында алғаны туралы белгі қоюға; 4) жүргізілген тексерудің нәтижелері туралы актінің екінші данасында ол аяқталған күні алғаны туралы белгі қоюға; 5) егер осы Кодексте не Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында өзгеше көзделмесе, тексеруді жүзеге асыру кезеңінде тексерілетін құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол бермеуге; 6) объектіге тексеру жүргізу үшін келген адамдардың осы объект үшін белгіленген нормативтерге сәйкес зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың әсерінен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге; 7) хабарлама алған жағдайда, тексеру тағайындалған мерзімде тексерілетін объект тұрған жерде болуға міндетті.

6-кеңес. Тексеріс нәтижелері

Тексеріс нәтижелері бойынша бақылау және қадағалау органының лауазымды тұлғасымен екі дана тексеріс нәтижесі туралы актіні жасайды.

Тексеріс нәтижесі туралы актінің бір данасын тіркелген қосымша құжаттарының көшірмелерімен бірге заңды тұлғаның басшысына немесе тұлғаға не олардың уәкілетті өкілдеріне танысу және анықталған бұзушылықтарды жөндеуге шаралар қолдану және тағы басқа әрекеттерді орындау үшін беріледі.

7-кеңес. Тексерушінің әрекеттеріне шағымдану

Егер бақылау және қадағалау жүргізу кезінде Сіздің құқықтарыңыз бен заңды мүдделеріңіз бұзылған болса, Сіз бақылау және қадағалау органының және қызметкерлерінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) қатысты жоғары тұрған мемлекеттік органға немесе Қазақстан Республикасының заңымен қаралған тәртіпте сотқа шағымдана аласыз.

Ескерту: ешқашан тексерушіге пара бермеңіз, пара бергені үшін ҚР ҚК 367-бабымен қылмыстық жауаптылық көзделген, аталған қылмыс бойынша 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қаралған. Өз мәселеніңізді әрқашан заңды жолмен шешіңіз және кім ақиқатты іздесе, оның қашанда табатынын - біліп жүріңіз.

Пайдалы ақпарат:

Барлық қажетті сұрақтар бойынша Сіздер Қарағанды қ., Жамбыл көшесі 97 мекен-жайда орналасқан Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің Қарағанды облысы бойынша басқармасына 8(7212) 56-94-03 телефоны арқылы немесе <http://service.pravstat.kz> сайты арқылы «Бизнес - тірегі - опора бизнеса» ақпараттық жүйесі арқылы өтініш білдіре аласыздар.

7 ПОЛЕЗНЫХ СОВЕТОВ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЯМ

1-совет. Основные положения

Проверяющие лицо обладающее контрольно-надзорными функциями - это прежде всего государственный служащий.

В соответствии с нормами Этического Кодекса РК, несение государственной службы является выражением особого доверия со стороны общества и государства и предъявляет высокие требования к морально-этическому облику государственных служащих.

Государственный служащий по своим деловым качествам должен быть честным, справедливым, скромным, соблюдать общепринятые морально-этические нормы, в обращении с гражданами проявлять вежливость и корректность.

2-совет. Виды проверок и их особенности

Целью проверяющих является проведение проверки либо иной формы контроля.

Если посещение проверяющих относится к иной форме контроля, то их действия несут предупредительно-профилактический характер, по итогам которых составляются итоговые документы (справка, предписание, заключение и другое) без возбуждения дела об административном правонарушении в случае выявления нарушения, (указанные действия не распространяются на Национальный Банк Республики Казахстан и уполномоченный орган в области государственной статистики).

Если же действия проверяющих относятся к проверке, то в этом случае должностные лица государственных органов, прибывшие для проверки на объект, обязаны предъявить:

- акт о назначении проверки (предписание, постановление, приказ) с отметкой о регистрации в уполномоченном органе по правовой статистике и специальным учетам,
- служебное удостоверение,
- при необходимости разрешение компетентного органа на посещение режимных объектов,
- медицинский допуск, наличие которого необходимо для посещения объектов, выданный в порядке, установленном уполномоченным органом в области здравоохранения,
- проверочный лист с указанием пунктов требований, подлежащих проверке.

Проверяющие не указанные в акте о назначении проверки не имеют право проводить проверку.

(Информацию о зарегистрированной проверке вы можете проверить на сайте <http://service.pravstat.kz> во вкладке «Бизнес - тірегі - опора бизнеса»)

3-совет. Обязанности проверяющих (статья 154 Предпринимательского Кодекса РК).

Должностные лица органов контроля и надзора при проведении контроля и надзора обязаны:

- соблюдать законодательство Республики Казахстан, права и законные интересы проверяемых субъектов;
- проводить проверки на основании и в строгом соответствии с порядком, установленным настоящим Кодексом и (или) иными законами Республики Казахстан;
- не препятствовать установленному режиму работы проверяемых субъектов в период проведения проверки;
- своевременно и в полной мере исполнять предоставленные в соответствии с законами Республики Казахстан полномочия по предупреждению, выявлению и пресечению нарушений требова-

ний, установленных законодательством РК;

— не препятствовать проверяемому субъекту присутствовать при проведении проверки, давать разъяснения по вопросам, относящимся к предмету проверки;

— предоставлять проверяемому субъекту необходимую информацию, относящуюся к предмету проверки при ее проведении;

— вручить проверяемому субъекту акт о результатах проведенной проверки;

— обеспечить сохранность документов и сведений, полученных в результате проведения проверки.

4-совет. Права проверяемых субъектов (статья 155 Предпринимательского Кодекса РК)

Проверяемые субъекты либо их уполномоченные представители при осуществлении контроля и надзора вправе:

1. не допускать к проверке должностных лиц органов контроля и надзора, прибывших для проведения проверки на объект, в случаях:

- несоблюдения периодичности проведения проверок по особому порядку проведения проверок и выборочных проверок;
- превышения либо истечения сроков указанных в акте о назначении проверки;
- назначения органом контроля и надзора проверки проверяемого субъекта (объекта), в отношении которого ранее проводилась проверка, по одному и тому же вопросу за один и тот же период;
- назначения внеплановой проверки по вопросу исполнения ранее выданного предписания (постановления, и.т.д), если предшествующей проверкой не были выявлены нарушения;
- назначения проверки за период, выходящий за рамки промежуток времени, указанного в заявлении или сообщении о совершенных либо готовящихся уголовных правонарушениях, в иных обращениях о нарушениях прав и законных интересов физических, юридических лиц и государства, если иное не предусмотрено Кодексом Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет»;
- указания в одном акте о назначении проверки нескольких проверяемых субъектов, подлежащих проверке, (за исключением случаев, указанных в пункте 2 статьи 144 Предпринимательского Кодекса),

— продления сроков проверки свыше срока, установленного настоящим Кодексом,

2) не предоставлять сведения, если они не относятся к предмету проводимой проверки или не относятся к периоду, указанному в акте;

3) обжаловать акт о назначении проверки, акт о результатах проверки и действия (бездействие) должностных лиц государственных органов;

4) не исполнять не основанные на законе запреты органов контроля и надзора или должностных лиц, ограничивающие деятельность проверяемых субъектов;

5) фиксировать процесс осуществления проверки, а также отдельные действия должностного лица, проводимые им в рамках проверки, с помощью средств аудио и видеотехники, не создавая препятствий деятельности должностного лица;

6) привлекать третьих лиц к участию в проверке в целях представления своих интересов и прав.

5-совет. Обязанности проверяемых субъектов

Проверяемые субъекты либо их

уполномоченные представители при проведении органами контроля и надзора проверок и иных форм контроля и надзора с посещением проверяемого объекта обязаны:

- 1) обеспечить беспрепятственный доступ должностных лиц органов контроля и надзора на территорию и в помещения проверяемого субъекта при соблюдении требований пункта 1 статьи 146 настоящего Кодекса, 2) с соблюдением требований по охране коммерческой, налоговой либо иной тайны предоставлять должностным лицам органов контроля и надзора документы (сведения) на бумажных и электронных носителях либо их копии для приобщения к акту о результатах проверки, а также доступ к автоматизированным базам данных (информационным системам) в соответствии с задачами и предметом проверки, 3) сделать отметку о получении на втором экземпляре акта о назначении проверки, 4) сделать отметку о получении на втором экземпляре акта о результатах проведенной проверки в день ее окончания, 5) не допускать внесения изменений и дополнений в проверяемые документы в период осуществления проверки, если иное не предусмотрено законами Республики Казахстан, 6) обеспечить безопасность лиц, прибывших для проведения проверки на объект, от вредных и опасных производственных факторов воздействия в соответствии с установленными для данного объекта нормативами, 7) в случае получения уведомления находиться на месте нахождения проверяемого объекта в назначенные сроки проверки.

6-совет. Результаты проверок

По результатам проверки должностным лицом органа контроля и надзора составляется акт о результатах проверки в двух экземплярах.

Один экземпляр акта о результатах проверки с копиями приложений, за исключением копий документов, имеющихся в оригинале у проверяемого субъекта, вручается руководителю юридического лица или физическому лицу либо их представителям для ознакомления и принятия мер по устранению выявленных нарушений и других действий.

7-совет. Обжалование действий проверяющих

В случае нарушения Ваших прав и законных интересов при осуществлении контроля и надзора Вы вправе обжаловать решения, действия (бездействие) органов контроля и надзора и их должностных лиц в вышестоящий государственный орган, либо в суд в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

Примечание: Никогда не давайте взятку проверяющему, поскольку за это предусмотрена уголовная ответственность по ст. 367 УК РК и наказание до 15 лет лишения свободы.

Всегда решайте свои проблемы законным способом и знайте - кто ищет правду, тот всегда ее найдет.

Полезная информация:

По всем интересующим вопросам Вы можете обратиться в Управление Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной Прокуратуры Республики Казахстан по Карагандинской области по адресу: г.Караганда, ул.Жамбыла 97, а так же через информационный сервис «Бизнес - тірегі - опора бизнеса» на сайте <http://service.pravstat.kz>, либо по телефону 8(7212) 56-94-03.

ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ — ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ



Тілді өркендету - баршаның ісі. Тіл - тек қарым — қатынас құралы емес, ұлтымыздың биік тұғыры. Бұл ретте біздің мемлекетіміздің тілге деген жанағырылығы басым. Елбасы жыл сайынғы халыққа Жолдауында да басым бағыттарының бірі — мемлекеттік тілді жан-жақты дамытуға басты назарда ұстап келеді. Қоғамда қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін нығайту еліміздің саясатының басты басымдығы болып қала береді. Қоғамда, мемлекеттік қолдау мүмкіндігі жоғары салаларда қазақ тілінің қолданыс аясы едәуір кеңейіп келе жатыр деп айтуға толық негіз бар. Қазіргі қоғамымызда жастардың белсенділігі жоғары. Жастарға баса назар аудару арқылы тіл саясатын жүргізу мол жемісін береді деп ойлаймыз.

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері төл тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, қолданыс өрісі кеңейді. Қазіргі таңда өнер, әдебиет, мәдениет, баспасөз, радио, теледидарымыз 90 - жылдарға қарағанда әлдеқайда «қазақша сайрап тұр» десек болады. Бұл біздің мемлекеттік тіліміздің мәртебесінің асқақтағаны, Бұл осы уақытқа

дейін барлық мүмкін болар оңды - солды жағдайды жете бағамдай отырып жүргізілген мемлекеттік тіл саясатының нәтижесі.

«Ана тілі дегеніміз — сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады» деп Ғ.Мүсірепов айтқандай елдің болашағын, тілдің болашағын сақтау баршаның міндеті. Қазіргі жаһандану кезеңінде еліміздің ақпараттық кеңістігін әлемдік стандарттарға сай кеңейте отырып, мемлекеттік тілді ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бір нысаны ретінде жетілдіруді және қорғауды қамтамасыз еткеніміз абзал.

Қазақстандағы тіл саясатының көпұлтты мемлекетіміздің тұрақты дамуына ізгілікті қызмет етіп отырғандығы қуантады. Сонымен бірге әр ұлт өкілдерінің қазақ тілін білуге талпынуы қуантатын жағдай.

А.ҚАЛЕКЕНОВА,
Ұлытау аудандық сотының бас маманы.

Сыбайлас жемқорлық өте қауіпті жағымсыз әлеуметтік көріністердің бірі. Ол экономикалық заңдардың еркін әрекетін біршама деңгейде шектейді және еліміздің әлемдік қоғамдастық алдындағы беделін төмендетеді, еліміз үшін пайдалы шетелдік инвестициялардың жолындағы басты кедергілердің бірі болып табылады.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС — БАРШАНЫҢ МІНДЕТІ

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы ең пәрменді заңдардың бірі. Бұл заң бірнеше жыл ішінде жоғары маңызға ие болып, мемлекеттік қызметшінің күнделікті пайдаланатын оқу құралына айналып отыр.

Заңның ең басты құндылығы, ол азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіптен сақтауға, сондай-ақ жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, тыю және ашу жолында мемлекеттік органдардың қызметін қамтамасыз етуге бағытталған. Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саяса-

тының басымдықтарының бірі осы жемқорлықпен күресу.

Өткенімізге көз салсақ, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген саясатының арқасында мемлекетіміздің тамыры тереңге тартып, нығая түсуіне бағытталған құқықтық заңнамалар мен іс-шаралар қабылданып, ел экономикасы мен әлеуметтік жағдайы түзеліп, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орнын айқындады. Бүкіл әлемге өзінің біртұтастығымен, ажырамас бірлігімен танылды. Қоғам дамуының жаңа жолын таңдап, уақыттан туындаған әртүрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойды. Ол жол — Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының бастауымен алға қойылған сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы. Сондықтан, сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

«ҚР АШМ ББҚК Ұлытау аудандық аумақтық инспекциясы» ММ-сі.

«ЖҮРІП-ТҰРУЫ ҚИЫН БІРІНШІ ТОПТАҒЫ МҮГЕДЕКТЕРГЕ ЖЕКЕ КӨМЕКШІНІҢ және ЕСТУ КЕМІСТІГІ БАР МҮГЕДЕКТЕРГЕ ЫМДАУ ТІЛІ МАМАНЫНЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІН ҰСЫНУ ҮШІН МҮГЕДЕКТЕРГЕ ҚҰЖАТТАРДЫ РЕСІМДЕУ» МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ РЕГЛАМЕНТІ

1. Жалпы ережелер

1. «Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту кемістігі бар мүгедектерге ымдау тілі маманының қызметтерін ұсыну үшін мүгедектерге құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

Мемлекеттік қызметті аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 «Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11342 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген «Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту кемістігі бар мүгедектерге ымдау тілі маманының қызметтерін ұсыну үшін мүгедектерге құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (бұдан әрі - Стандарт) сәйкес көрсетеді.

2. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін

қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту кемістігі бар мүгедектерге ымдау тілі маманының қызметтерін ұсыну мерзімдері көрсетілген құжаттарды ресімдеу туралы хабарлама (бұдан әрі - хабарлама).

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

5. Көрсетілетін қызметті алушының Стандарттың 9-тармағында көрсетілген қажетті құжаттармен (бұдан әрі - құжаттар) қоса өтініш беруі мемлекеттік қызметті көрсету рәсімдерін (іс-қимыл) бастауға негіз болады.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындау ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе маманы 30 минут ішінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынған құжаттарды

қабылдауды және тіркеу журналына тіркеуді жүзеге асырады және оны көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қарауға жолдайды.

Нәтижесі – тіркеу журналына жазу және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қарауға жолдайды;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 1 жұмыс күні ішінде құжаттарды қарайды, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын белгілейді.

Нәтижесі – жауапты орындаушыны белгілеу;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы 8 жұмыс күні ішінде құжаттардың толық және дұрыс ресімделгенін тексереді, хабарламаны дайындайды, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға береді.

Нәтижесі - хабарламаны көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға жібереді;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 1 жұмыс күні ішінде хабарламаға қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне жібереді.

Нәтижесі – хабарламаны көрсетілетін қызмет берушінің кеңсесіне жібереді;

5) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе маманы 30 минут

ішінде хабарламаны тіркеу журналына тіркейді және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті алушыға береді.

Нәтижесі - тіркеу журналына тіркейді және көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті алғандығы туралы қолы.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) тізбесі: 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе маманы; 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы; 3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы.

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) ретілігін сипаттауы: 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе маманы 30 минут ішінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынған құжаттарды қабылдауды және тіркеу журналына тіркеуді жүзеге асырады және оны көрсетілетін қызметті берушінің бас-

шысына қарауға жолдайды; 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 1 жұмыс күні ішінде құжаттарды қарайды, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын белгілейді; 3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы 8 жұмыс күні ішінде құжаттардың толық және дұрыс ресімделгенін тексереді, хабарламаны дайындайды, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға береді; 4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 1 жұмыс күні ішінде хабарламаға қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне жібереді; 5) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе маманы 30 минут ішінде хабарламаны тіркеу журналына тіркейді және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті алушыға береді.

4. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

9. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен көрсетілмейді.

Утвержден постановлением акимата Карагандинской области от 30 мая 2016 года № 37/04

РЕГЛАМЕНТ ГОСУДАРСТВЕННОЙ УСЛУГИ «ОФОРМЛЕНИЕ ДОКУМЕНТОВ на ИНВАЛИДОВ для ПРЕДОСТАВЛЕНИЯ им УСЛУГИ ИНДИВИДУАЛЬНОГО ПОМОЩНИКА для ИНВАЛИДОВ ПЕРВОЙ ГРУППЫ, ИМЕЮЩИХ ЗАТРУДНЕНИЕ в ПЕРЕДВИЖЕНИИ, и СПЕЦИАЛИСТА ЖЕСТОВОГО ЯЗЫКА для ИНВАЛИДОВ ПО СЛУХУ»

1. Общие положения

1. Государственная услуга «Оформление документов на инвалидов для предоставления им услуги индивидуального помощника для инвалидов первой группы, имеющих затруднение в передвижении, и специалиста жестового языка для инвалидов по слуху» (далее - государственная услуга).

Государственная услуга оказывается местными исполнительными органами районов и городов областного значения (далее - услугодатель) в соответствии со стандартом государственной услуги «Оформление документов на инвалидов для предоставления им услуги индивидуального помощника для инвалидов первой группы, имеющих затруднение в передвижении, и специалиста жестового языка для инвалидов по слуху», утвержденным приказом Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 28 апреля 2015 года № 279 «Об утверждении стандартов государственных услуг в социально-трудовой сфере» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 11342), (далее - Стандарт).

2. Прием заявлений и выдача результатов оказания государственной услуги осуществляется через услугодателя.

3. Форма оказания государственной услуги: бумажная.

4. Результат оказания государственной услуги: уведомление об оформлении документов с указанием сроков предоставления инвалидам услуги индивидуального помощника для инвалидов первой группы, имеющих затруднение в передвижении и специалиста жестового языка для инвалидов по слуху (далее - уведомление).

Форма предоставления результата оказания государственной услуги: бумажная.

2. Описание порядка действий структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги

5. Основанием для начала процедуры (действия) по оказанию государственной услуги является заявление услугополучателя с приложением необходимых документов, указанных в пункте 9 Стандарта (далее - документы).

6. Содержание каждой процедуры (действия), входящей в состав процесса оказания государ-

ственной услуги, длительность его выполнения:

1) специалист канцелярии услугодателя в течение 30 минут осуществляет прием и регистрацию в журнале регистрации полученных от услугополучателя документов и передает на рассмотрение руководителю услугодателя.

Результат - запись в журнале регистрации и направление на рассмотрение руководителю услугодателя;

2) руководитель услугодателя в течение 1 рабочего дня рассматривает документы, определяет ответственного исполнителя услугодателя.

Результат – определение ответственного исполнителя;

3) ответственный исполнитель услугодателя в течение 8 рабочих дней проверяет полноту и правильность оформления документов, готовит уведомление и направляет на подписание руководителю услугодателя.

Результат – направляет уведомление на подпись руководителю услугодателя;

4) руководитель услугодателя в течение 1 рабочего дня подписывает уведомление и направляет в канцелярию услугодателя.

Результат – направляет уве-

домление в канцелярию услугодателя;

5) специалист канцелярии услугодателя в течение 30 минут регистрирует в журнале регистрации уведомление и выдает результат государственной услуги услугополучателю.

Результат - запись в журнале регистрации о выдаче и роспись услугополучателя о получении государственной услуги.

3. Описание порядка взаимодействия структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги

7. Перечень структурных подразделений (работников) услугодателя, которые участвуют в процессе оказания государственной услуги: 1) специалист канцелярии услугодателя; 2) руководитель услугодателя; 3) ответственный исполнитель услугодателя.

8. Описание последовательности процедур (действий) между структурными подразделениями (работниками) с указанием длительности каждой процедуры (действия): 1) специалист канцелярии услугодателя в течение 30 минут осуществляет прием и регистрацию в журнале регистрации полученных от услугопо-

лучателя документов и передает на рассмотрение руководителю услугодателя; 2) руководитель услугодателя в течение 1 рабочего дня рассматривает документы, определяет ответственного исполнителя услугодателя; 3) ответственный исполнитель услугодателя в течение 8 рабочих дней проверяет полноту и правильность оформления документов, готовит уведомление и направляет на подписание руководителю услугодателя; 4) руководитель услугодателя в течение 1 рабочего дня подписывает уведомление и направляет в канцелярию услугодателя; 5) специалист канцелярии услугодателя в течение 30 минут регистрирует в журнале регистрации уведомление и выдает результат государственной услуги услугополучателю.

4. Описание порядка взаимодействия с Государственной корпорацией «Правительство для граждан» и (или) иными услугодателями, а также порядка использования информационных систем в процессе оказания государственной услуги

9. Государственная услуга Государственной корпорацией «Правительство для граждан» не оказывается.

ҰЛЫТАУ АУДАНЫ ІІБ ЖПҚ-нің УЧАСКЕЛІК ПОЛИЦИЯ
ИСПЕКТОРЛАРЫНЫҢ 2016 ЖЫЛДЫҢ 4-ТОҚСАНЫНА
ХАЛЫҚ АЛДЫНДА ЕСЕП БЕРУ КЕСТЕСІ

УПИ Т.А.Ә.	УПП №	Есеп беру күні	Есеп беретін мекенжай
Қ. Жәкенов Қ. Жарасбаев	№1	24.10.2016 жыл, сағат 11.00	Ұлытау селосы аудандық Мәдениет үйі
А. Бимағанбетов	№2	27.10.2016 жыл, сағат 15.00	Аманкелді селосы №3 мектеп ғимараты
Ж. Қазтаев	№3	31.10.2016 жыл, сағат 10.00	Қаракеңгір селосы әкімшілік ғимараты
М.Бралинов	№4	03.11.2016 жыл, сағат 14.00	Алғабас селосы, №14 мектеп ғимараты
М.Бралинов	№5	07.11.2016 жыл, сағат 17.00	Егінді селосы әкімшілік ғимараты
М.Мақашев	№6	10.11.2016 жыл, сағат 10.00	Қорғасын селосы әкімшілік ғимараты
М.Мұратов	№7	14.11.2016 жыл, сағат 17.00	Терісаққан селосы әкімшілік ғимараты
С.Мұқышев	№8	17.11.2016 жыл, сағат 11.00	Жезді кенті әкімшілік ғимараты
Е.Төлебеков	№9	21.11.2016 жыл, сағат 17.00	Қарсақбай кенті әкімшілік ғимараты
С.Есенғалиев	№10	24.11.2016 жыл, сағат 10.00	Байқоңыр селосы №17 мектеп ғимараты
Е.Сүлеймен	№11	28.11.2016 жыл, сағат 17.00	Қарақұм селосы Мәдениет үйі
М.Шубай Е.Жәнібеков	№12	05.12.2016 жыл, сағат 10.00	Сарысу селосы әкімшілік ғимараты
Ж.Жанділдинов	№13	08.12.2016 жыл, сағат 17.00	Борсеңгір селосы №10 мектеп ғимараты
С.Құрманбаев	№14	12.12.2016 жыл, сағат 17.00	Мибұлақ селосы №18 мектеп ғимараты

Дәрігер кеңесі

МЕКТЕП ОҚУШЫСЫНЫҢ
ТАМАҚТАНУЫ

Мектеп оқушысына тамақтану жөнінде берілетін кеңестер: сенің тағамың ет, балық пен сүт өнімдерінен, нан мен жармадан, көкөніс пен жемістерден құралу керектігін есіңнен шығарма. Денсаулығың үшін ақуыздар, майлар мен көмірсулар, баға жетпес аминқышқылдары, дәрумендер, май қышқылдары, минералдар мен микроэлементтер сияқты нәрлі заттардың дұрыс үйлесуі маңызды.

Ақуызды күнделікті 75-90 г. тұтынуың керек, оның ішінде 40-55 г. жануар текті ақуыз. Ас үлесінде келесі өнімдер болуы қажет, олар – сүт немесе қышқыл сүтті сусындар; сүзбе; ірімшік; балық; ет өнімдері; жұмыртқа.

Майды тұтыну мөлшері тәулігіне 80-90 г. ал күн сайын сары май; өсімдік майын; қай-

мақ ұн. Ал өмірсуларға келетін болсақ, тәуліктік көмірсу мөлшері 300-400 г. ас мәзіріндегі маңызды азық-түліктер: нан; жармалар; картоп; бал; кептірілген жемістер.

Тамақтану тәртібі – 7.30-7.50 таңғы ас екі тағамнан тұрады, олар: біріншіге – ботқа, жұмыртқа, сүзбе, көкөніс, картоп; екіншіге – кофе, сүт, сүтті шай, какао. Сонан соң 13.00-14.00 түскі ас екі-үш түрлі тағамнан тұрады, олар: біріншіге – көкөністі сорпа, етті немесе сүтті; екіншіге – түрлі жарма немесе көкөніс қосылған балық, ет. Сонан кейін 16.00-16.30 түстік ас, олар: айран, ұйған сүт, какао, сүтті шай, ұннан жасалған өнімдер (тоқаш нан, печенье, тәтті тоқаш), жеміс немесе жидек. Ал, содан кейін 19.30-20.00 кешкі ас екі тағамнан тұрады, олар: ботқа, сүзбе

немесе жұмыртқа көмеші, жарма немесе көкөніс котлеті мен сүт, шай немесе айран.

Қарапайым ережені сақтау: тағам әртүрлі болуы керек; тамақтанып отырғанда сөйлемуге және оқымауға тырыс; тағамды әбден шайнау қажет; тұзды, майлы және қуырылған тағамға әуестенбе; кондитер тағамдары өте тәтті, бірақ пайдасы жоқ; шөлді басатын ең жақсы сусын – қайнатылған, сүзілген немесе газдалмаған су; фаст-фудтар, майға қуырылған картоп, қытырлауық, тәтті газдалған сусындардан бас тарт; жемістер мен көкөністер – денсаулық кепілі! Яғни жан мен тәнінің саулығы үшін – дұрыс тағам таңда, досым!

Ф.АМАНТАЕВА,
балалар медбикісі.

ҰЛЫТАУ АУДАНЫ
ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ
НАЗАРЫНА!

2016 жылдың 14 қазанында сағат 15-00-де Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Қарағанды облысы бойынша басқармасының бастығы **САТТАР АБУ-АЛИ АНАРБАЙҰЛЫ** «Нұр Отан» партиясы қоғамдық бірлестігінің Ұлытау ауданындағы филиалы ғимаратында Ұлытау селосы, Абай көшесі, 36 үй мекенжайы бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау, азаматтардың қылмыстық қудалау органдарына өтініш жасау, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы, мұрағаттық мәліметтер алу қағидаларын, және кәсіпкерлермен бақылау органдары өткізетін тексеріс сұрақтары бойынша азаматтарды жеке қабылдауын өткізеді.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Қарағанды облысы бойынша басқармасы алдын ала жазылу тел.+7-(71035)-2-16-41, +7-777-255-06-73 (Whatsapp) өткізеді.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

«Ұлытау ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ-сі аудан тұрғындарына, аталған бөлім қызметкерлері тарапынан ҚР Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) тарапынан орындамау, «Сыбайлас-жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының баптарын бұзу фактілері орын алған жағдайда, **2-12-19 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.**

Аудандық «Ұлытау өңірі» газеті редакциясының ұжымы №2 Шеңбер орта мектебінің ұстазы, ауданымыздың айтыскер ақыны, газет жанашыры Мұқанбетқали Сейтқазыұлына зайыбы

Сәлия КӨКЕНҚЫЗЫНЫҢ мезгілсіз қайтыс болуына байланысты, қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЕСКЕ АЛУ

2015 жылы қарашаның 8-ші жұлдызында асыл жар, арқасүйер ардақты әке **Сайлау ОБАЙДУЛЛАҰЛЫ** өмірден озды. Әкеміз өмір толқуларының қай соқпағында да жауапкершілікті жете сезінуге, адалдыққа, ақылшы, қамқоршы болуға жетелейтін еліміздің елеулі, еске аларлық құрметті азаматы болды. Өттең, ғажап өмірдің жалған екендігі, өкінішті-ақ. Бәрібір де әке, сіз тірілердің арасындасыз. Өлемде, рух барда, Әке, сіз барсыз!

Жан әке, асылымыз, ардағымыз, Сағынып әр кез сізді еске аламыз. Өтсе-дағы жылжып жыл, айлар, күндер, Мәңгілікке жадымызда сақталасыз.

Өр тұлғаң, адал жаның түске кіріп, Өр таңда, ойға шомып мұңаямыз. Ақ көңіл, бала мінез, жарқын бейнең, Зердемізге ұмытылмай нық тұрасыз.

Жолымызды әрқашанда жарқыратқан, Бойға қуат, жігер беріп, ақыл айтқан.

Алаңсыз өсіп жеттік даңғыл жолда, Жаны дархан, қасиетті, әке салған.

Сұм ажал опасыз ғой, неткен қатаң, Әкемізді айдынынан алып ұшқан.

Қалай ғана сізді бізге көп көрді екен, Тәңірімің жазғаны ма, жан сыздатқан!

Асыл әкеміз Сайлау Обайдуллаұлының бұл дүниеден озғанына жыл болды. Жатқан жері жарық, топырағы мамық, иманы жолдас болсын дейміз.

Еске алушы: зайыбы Шәрипа, балалары.

2016 жылы қазанның 15-ші жұлдызында сағат 13.00-де Ұлытау селосының «Тассай» дәмханасында Сайлау Обайдуллаұлының бұл дүниеден озғанына жыл толуына байланысты марқұмның рухына арнап ас береміз. Асқа туған-туыс, құда-жекжат, көрші-көлем, әкеміздің жора-жолдастары, сыйлас, дәмдес болған барша жәмиғатты шақырамыз.

ЕСКЕ АЛУ

Ұлытау селосының тұрғыны болған, ардақты бауырымыз **Өмірзақов Зияда ӨМІРЗАҚҰЛЫ** көзі тірі болғанда, биылғы жылы 9 қазанда асқаралы 60 жасқа толар еді. Аяусыз ажал Зиядамызды арамьздан осыдан 43 жыл бұрын алып кетті. Сағынамыз оны, енді еске алып, құран бағыштағаннан басқа шарамыз жоқ.

Жаста едің танитын оң мен солды, Неге сонша ғұмырың

қысқа болды?!

Басталғанда жалынды

жастық шағың,

Қас-қағымда сұм ажал қиды жолды.

43 жыл үйіріліп қайғы басқа,

Көңіл шерге толды ғой, жанар – жасқа

Тірі болсаң, қайтейік, келер едің,

Құрдастарың кеп жатқан 60 жасқа! – деген жыр шумақтарын арнай отырып, қимас бауырымыздың жатқан жері жарық, топырағы мамық болсын дейміз.

Еске алушылар: апасы Хануза, қарындастары Гүлфира, Сарқыт.

Ұлытау ауданының әкімдігі мен аудандық мәслихат №2 Шеңбер орта мектебінің ұстазы, ауданымыздың айтыскер ақыны Мұқанбетқали Сейтқазыұлына зайыбы

Сәлия КӨКЕНҚЫЗЫНЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты, қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Нұр Отан» партиясының аудандық филиалы №2 Шеңбер орта мектебінің ұстазы, ауданымыздың айтыскер ақыны, Мұқанбетқали Сейтқазыұлына зайыбы

Сәлия КӨКЕНҚЫЗЫНЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты, қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

БЕРІК БОЛ, МҰҚАШ БАУЫРЫМ!

Азаматсың кірлетпеген арынды, Төкпе ақынсың Алла берген дарынды.

Ауыр қайғы түсті-ау сенің басыңа,

Ажал алып ардақты, асыл жарынды.

Сұм ажалға бар ма біздің шарамыз,

Тіршілікке қалдырады қаралы із.

Татар дөмің, жұтар ауаң біткенде,

Сәлияң барған жерге біз де барамыз.

Жан жарынды ойлайсың, сағынасың,

Рухына бас иіп табынасың.

Одан басқа қайран жоқ қолдан келер,

Тағдырыңа амалсыз бағынасың.

Естілмен енді ешқашан азалы ұн,

Тартқызбасын Алла қайғы азабын.

Сәлиянің болсын жаны жәннатта,

Қайырын берсін, Мұқаш бауырым, қазаның.

Мағзұмбек МАШАЙЫҚҰЛЫ.



ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫНА ЕРЕКШЕ ҚҰРМЕТ

Қайрат ЖҰМАБАЕВ

Бағзы дәуірлерден әрбір қоғамның темірқазығы мен діңгегі саналатын отбасы өнегесі, асыл құндылығымен ерекше. Ғасырлар бойы «Отан – отбасынан басталады» деген ұғым қазақ қоғамында бұлжымас тұжырым ретінде тамырын тереңдетіп, Ұлы Дала елінің мызғымас әлеуметтік тұғырнамасына айналғаны белгілі.



Сондықтан, отбасылық әулеттің негізгі тіректері – қарияны құрметтеу, ананы ардақтау және балаға жастайынан тәлімді тәрбие беру ұлтымыздың ұлағатты мектебі және өнегелік салты ретінде белгіленген. Ел дамуының ұзақ мерзімге белгіленген бағдарламасы – «Қазақстан - 2050» Стратегиясының түпкі мақсаттарының бірі дені сау, бәсекеге қабілетті, білімді ұрпақ өсіруге, аға буынның қамсыз қарттығына қолдау көрсетуге, әр отбасының берекелі өмір сүруін қамтамасыз етуге бағытталған. Қоғамда осындай рухани әлеуметтік діңгегі берік отбасылық құндылықтарды тереңдету мақсатында бағытталған «Мерейлі отбасы» байқауы биыл төртінші мәрте өткізілді.

Биылғы жылы ауданымыздан облыстық «Мерейлі отбасы» байқауына қатысу үшін комиссия шешімімен іріктеліп, Қарашаңырақ аталатын Қарсақбай кентінен Наурызбаевтар отбасы жолдама алған болатын. Осы отбасы Қарағанды қаласында ауданымыздың намысын абыроймен қорғады. Естеріңізге сала кетейік, отағасы Елубай Наурызбаев пен отанасы Сандуғаш Дүтбаева 1981 жылы отау құрып, 35 жыл бір шанырақ астында тату-тәтті өмір сүріп келе жатқан жарасымды жұп. Отбасында сегіз баласы, алты немересі бар. Отағасы да, отанасы да 30 жылдам астам

Үйдің берекесі қабырғасының қиюымен емес, теңінің жиюымен, отбасындағы сыйластықпен, татулықпен кіреді

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Қарсақбай зауытының жылу қазандығында еңбек етеді. Осы уақыт аралығында ерлі-зайыптылар еңбегімен ел құрметіне бөленіп, облыс, аудан әкімдерінің Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттарымен марапатталған, еңбек адамдары.

Елубай Әбілқасымұлы кеңпейілді, иманжүзді қарапайым азамат. Жасы – елу алтыда. Еңбекке ерте араласып қызу қайнаған еңбектің бел ортасында сом болаттай шыңдалған еңбек майталманы. Зайыбы — Сандуғаш Әбілмәшінқызы «Алтын алқа» төсбелгісінің иегері, жасы — елу бесте. Жүзінен мейірім шуағы төгіліп тұрған жан. Нағыз қазақ әйеліне тән қасиет оның бойынан табылады. Биязы, байсалды, қайратты әйел. Зауыттың 80 жылдығында «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісімен

хаббатын, бақыты мен шаттығын жоғары ұстайтын өзгеге үлгі болатындай ардақты ана. «Үлкенге - құрмет, кішіге - ізет» көрсету оның өнбойында берік қалыптасқан. Соның айқын айғағы 27 жыл енесімен бірге тұрып ибалы келін атанып, енесі дүниеден озғанда ақтық сапарға арулап шығарып салғаны жұрттың есінде. Сол аяулы ененің батасы шығар, Сандуғаштың өзі де бүгінгі күні бір әулеттің әжесі атанып отыр. Тұңғыш ұлы - Орынбай Елубайұлы өрт сөндіру бөлімінде, қызы - Бағдат Жезқазған қалалық мемлекеттік мұрағатта қызмет атқарады. Ортаншы ұлы — Нұралы Қарсақбай аграрлық колледжінде оқу-тәрбие ісінің меңгерушісі, әрі сол оқу орнында шәкірттерді қаратәге дайындайды. Оның шәкірттері облыстық, республикалық, халықаралық жарыстарда бірінші, екінші орындарды еншілеп, төрт шәкірті спорт шебері атанды. Тағы бір ең таңдаулы шәкіртінің



марапатталған. Бұл-әркімнің қолы жете бермейтін марапат. Сандуғаш озық ойлы, өрісі кең өнерді жанына серік еткен өрелі азаматша. Қарсақбай кентінде өткізілген «Сағымды сағым жылдар», «Әнім саған арналады туған жер» атты ән кештерінің ұйымдастырушысы, әрі белсенді мүшесі болды. Бұл – мазмұны жағынан тәрбиелік-өнегелік тұрғыдан алғанда өзгеше іс-шара болғаны мәлім. Сандуғаш үнемі жұрт алдында қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүрумен қатар, өзі де сан алуан байқаулардың қатысушысы. 2014 жылы сәуір айында аудандық «Өкпелер байқауына» қатысып, «Салиқалы әже» аталымына ие болса, таяу арада Жезқазған қаласында өткізілген «Ардақты әже» байқауында «Жүзінен жылу төгілген» аталымына иеленді. Өнегені өзінен бастау дегеніміз осы болар. Жалпы айтқанда, Сандуғаш Әбілмәшінқызы отбасының ма-

бірі – Әбілқасым Сералы Болғарияда өткен дүбірлі додада қола жүлдесіне иеленді. Шын мәнінде, Наурызбаевтар отбасы салауатты өмір салтын берік ұстанған мәдениетті, спортқа жақын жанұялардың қатарында. Жоғары оқу орындарында, мектепте оқитын балалары да спортты жанына серік еткен спортқа бейім жандар. Оған Қарсақбай халқы күе.

Сөз соңында айтарымыз, «Мерейлі отбасы» байқауы жас ұрпақтың бойына отаншылдық дәннен егетін, оларды ата-анасындай отбасы құруға ұмтылдыратын өзгеге үлгі болатындай тағылымы терең іс-шара. Осындай байқау арқылы отбасы құндылығы, тәрбиесі өскелең ұрпаққа келешекте үлкен өнеге болмақ. Сондықтан, жас буынды өке мен анасы салған сара жолымен тәрбиелеп, тың идеялармен байытып, жаңаша қарқынмен жетілдіруге бастайтын «Мерейлі отбасы» байқауының мәні зор.

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕССИЯСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ШЕШІМІ

Ұлытау ауданы

5 қазан 2016 жыл

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ IV СЕССИЯСЫН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ

Алтыншы шақырылған Ұлытау аудандық мәслихатының IV сессиясы 2016 жылдың 14 қазанында сағат 09.00-де (аудандық мәслихаттың мәжіліс залына) шақырылсын.

Сессия төрағасы

А.БЕЙСЕНБАЕВ

ХАБАРЛАМА

2016 жылғы 14 қазанда өтетін аудандық мәслихаттың IV сессиясының қарауына келесі мәселелер енгізіледі:

1. Ұлытау аудандық мәслихатының XXX сессиясының 2015 жылғы 25 желтоқсандағы №285 «2016-2018 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы;
2. Аудандық мәслихаттың ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, экология, құрылыс, байланыс, көлік және коммуналдық шаруашылық жөніндегі тұрақты комиссиясының орындалған жұмыстары туралы есебі.
3. Аудандық құрылыс бөлімінің атқарған және жоспарланған жұмысының барысы туралы есебі;
4. Әр түрлі мәселелер.

Аудандық мәслихаттың біріккен тұрақты комиссиялар отырысы сессияның алдында басталады.

А.БЕЙСЕНБАЕВ,
аудандық мәслихаттың
IV сессиясының төрағасы.

Оқуға шақырады

ҰЛЫТАУ АУДАНЫ ТЖ БӨЛІМІ КӨКШЕТАУ ТЕХНИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫНА ШАҚЫРАДЫ!



Көкшетау Техникалық Институт (КТИ) қабырғасына білімі жалпы орташа, жалпы профессионалдық немесе орташа профессионалдық, денсаулығы әскери қызметке жарамды 25 жастан аспаған және 16 жасқа толған азаматтар қабылданады.

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің өткізетін Ұлттық Бірыңғай Тестілеу (ҰБТ) немесе (КТА) кезінде алынған баллдарға сәйкес берілетін сертификат арқылы Институтқа қабылдау жасалады.

Азаматтардың күндізгі оқу бөліміне қабылдау тәртібі 4 этаптан тұрады:

- 1-ші этап бойынша Ұлттық Бірыңғай Тестілеу (ҰБТ) немесе (КТА) кезінде алынған баллдарға сәйкес берілетін сертификат арқылы (қазақ тілі орыс тілі және Қазақстан тарихы төртінші пән физика, профильдік пән — математика);
- 2-ші этап бойынша азаматтардың медициналық тексерісі;
- 3-ші этапта азаматтардың денешынықтыру (физикалық) тексерісі болады, 100 метрге жүгіру, турникте тартылу (подтягивание на турнике), кросс 3000 метрге;
- 4-ші этап бойынша мандаттық комиссия курсанттыққа өтуге өз шешімін қабылдайды.

Курсанттыққа өткеннен кейін казармалық жайда 4 жылдық оқу ды жалғастырады.

Оқу киімдері, курсанттардың тамақтануы республикалық бюджеттен есептеледі. 1-2 курстарда курсанттарға төлемақы төленеді (стипендия). Институт қабырғасында 3 жыл казармалық жайда болғаннан кейін, 4-ші курста ерікті казармадан тыс оқу жалғастырылады. Оқу аяқталғаннан кейін көкшетау Техникалық Институтымен (КТИ) келісім-шартқа отырып, өртке қарсы қызмет органдарында міндетті түрде жұмыспен қамтамасыз етеді. Көкшетау Техникалық Институтына келіңіздер, түсіңіздер!

Ұлытау ауданы ТЖ бөлімі.



**Директор-
Бас редактор
Елтынды
ДҮЙСЕНБАЕВ**

Ұлытау аудандық «Ұлытау өңірі» газеті редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ГАЗЕТТІҢ ҚҰРЫЛАТУШЫСЫ: «Ұлытау ауданының әкімсіз»

Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның көзқарасына сәйкес келе бермейді.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген №2199-Г куәлігі берілген. Астана қаласы. 07.08.2001ж.

Хабарландыру мен құттықтаулардың мазмұнына редакция жауап бермейді. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет «Ұлытау өңірі» редакциясының компьютер орталығында беттеліп, Қарағанды қаласындағы «Қарағанды Полиграфия» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Ермеков көшесі, 33 үй.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
инд: 101500
Қарағанды облысы,
Ұлытау ауданы,
Бұлқышев көшесі, 11- үй.
Тел: 2-13-72; 2-11-22
эл.пошта:
ulytau-oniri@mail.ru

Газет аптасына бір рет шығады, Таралымы - 1400 дана
Көлемі - 4 баспатабақ
Тапсырыс - 41